



АҚОРДА



КЕҢЕЙТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы АҚШ Конгресінің сенаторы
Стив Дэйнсті қабылдады.

Кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сенатор Стив Дэйнсті АҚШ тәуелсіздігінің 250 жылдығымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Құрама Штаттар арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастықтың даму қарқынын жоғары бағалады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдас-тықтың орнықты өсіміне назар аударылды.

Президент былтыр қараша айында АҚШ-қа сапары барысында қол қойылған екіжақты келісімдерді сапалы жүзеге асырудың маңызын атап өтті.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев жыл соңында Майамиде өтетін G20 саммитіне қатысу үшін АҚШ-қа жасайтын сапары аясында екіжақты ықпалдас-ты одан әрі тереңдетуге дайын екенін айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Құрама Штаттар арасындағы кеңейтілген стратегиялық серіктестікті нығайтуға үлес қосқаны, сонымен бірге Джексон-Вэник түзетулерінің күшін жою жөніндегі заңнамалық бастаманы ілгерілету мәселелері бойынша елімізді ұдайы қолдап келе жатқаны үшін сенаторға ризашылығын білдірді.


Стив Дэйнс қазақ-америка қарым-қатынасын кеңейтуге бейілділігі үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа АҚШ Президенти Дональд Трамптың жылы лебізі мен ықыласын жеткізді.

Сенатор Қазақстанның жаңа Конституция қабылдағанына ерекше тоқталып, Президентті ауқымды саяси реформаларды табысты іске асыруымен құттықтады.

Стив Дэйнс Негізгі заңға арқау болған қағидаттар мен құндылықтар Қазақстанды қуатты әрі озық мемлекет ретінде одан әрі жаңғыртуға берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Әңгімелесу барысында халықаралық және аймақтық күн тәртібінің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасу өтті.

ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ТҮГЕНДЕУ:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАҢА ТАЛАП



Жоғары аудиторлық палатаның талдау қорытындысында айтылғандай, 2007 жылдан 2024 жыл аралығында 177 ақпараттық жүйе жасалыпты, соның 25-і іске қосылмаған.

«Ақпараттандыру туралы» заңның нормаларына сәйкес бір жыл ішінде бұл жүйелер қолданысқа берілуге тиіс еді. Алайда бұған дейін депутаттар да мәселе көтергендей, әр министрлік пен мемлекеттік ұйым бұл бағытта өз бетінше және білгендерінше әрекет жасап келді. Ортақ саясат болмаған көрінеді. Салдарынан мемлекеттік аудиторлар ел бюджетінің миллиардтаған қаржысы зая кетіп, сайда саны, құмда ізі қалмағанын анықтады.

→ 4

ҚАМҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІ ТАҒДЫРЛАР

Оқу-ағарту министрлігі берген мәліметтің ішіндегі ең маңыздыларының бірі – тұрғын үй кезегіне қатысты мәлімет. Қазір республика бойынша «жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша 59,9 мың азамат баспана кезегінде тұр. Салыстыра айтсақ, бір Гренландия аралының халқына пара-пар азаматтардың үйі жоқ. 2026 жылдың өткен кезең ішінде жергілікті атқарушы органдар осы санаттағы 465 азаматқа тұрғын үй берген. Иә, заң бойынша оларға басым құқық берілген, әйтсе де баспана кезегі баяу жылжып жатқан сыңайы бар. Айта кету керек, жетім балаларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесінде соңғы уақытта бірқатар өзгерістер қабылданды. Жуырда Премьер-министр Олжас Бектенов Сенат депутаты Андрей Лукиннің сауалына жауап беріп, жетім балалар үшін тұрғын үй алу тәртібін жеңілдетуге бағытталған өзгерістерді баяндады.

→ 5



МИССИЯДАН ОРАЛҒАН МЕЙІРБАНДАР



Қазақстандық көпсалалы медициналық топ құрамына елдің жетекші медициналық орталықтарындағы тоғыз білікті дәрігер енген, олардың қатарында травматология және ортопедия, кардиология, педиатрия, хирургия, урология, пульмонология және эпидемиология салаларының маманы бар. Олар Ауғанстан еліндегі «Қазақстан медицинасы күндері» аясында бір апта халыққа практикалық медициналық көмек беріп, ауған әріптестеріне шеберлік сабағын өткізді, бірлескен тексерулер мен консилиумдарға қатысты. Отандық мамандар жергілікті тұрғындарға консультациялар өткізіп, күрделі хирургиялық операцияларды да жүргізді. Медициналық топ ауыр жарақат салдары мен тірек-қимыл аппаратының туа біткен деформациялары бар пациенттерге айрықша көңіл бөлуге тырысты.

→ 5

БҰЛТАРЫСТАҒЫ БЕЙНЕ

«Тәуелді» деп аталатын қойылымның өзегінде түрлі тәуелділіктің құрсауында қалған адамдардың тағдыры жатыр. Екі күн қатарынан қойылған спектакль драматерапия жанрында ұсынылды. Ең әуелі драматерапия арт-терапияның бір түрі саналатынын айтайық. Осыдан спектакльдің қандай форматта өткенін түсіну қиын болмайды. Актерлік құрам көрермен алдында арт-терапияға қатысушылар рөлін сомдайды. Кейіпкерлер бір терапиялық кеңістікте бас қосып, өміріндегі ауыр оқиғаларын бөліседі. Олардың ішкі сырын ақтарған сәттері арқылы көрермен тәуелділіктің қарым-қатынасты, сенімді, ішкі тіректі, жақындармен байланысты да күйрететінін көреді.

→ 8





МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ – МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ

«Әділет» партиясының Іскерлік кеңесі алаңында мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың және сарапшылар қоғамдастығының өкілдері мұнай-газ саласын дамыту, инвестиция тарту, геологиялық барлау жұмысын жүргізу және жаңа өндіріс орындарын ашу мәселелерін талқылады.

Партия Төрағасы Айбек Дәдебай атап өткендей, Қазақстанның жаңа инвестициялық кезеңге қадам басуы мұнай-газ саласын дамытуға қатысты тың тәсілдерді талап етеді. Оның айтуынша, бүгінде басымдық тек табиғи ресурстарды өндіруге ғана емес, сонымен қатар технологияларды, адами капиталды және қосылатын құны жоғары өндіріс орындарын дамыту ісіне берілуге тиіс.

«Экономикалық саясат өндіріс көлемін ұлғайтуға ғана емес, ел ішінде жаңа құндылық қалыптастыруға бағытталуы қажет. Бұл – заманауи өндірістерді дамыту, жаңа технологияларды игеру, қазақстандық кәсіпорындардың әлеуетін нығайту және азаматтарға тың мүмкіндіктер ұсыну», — деді Айбек Дәдебай.

Кездесу барысындағы негізгі тақырыптардың бірі — геологиялық барлау жұмысы. KAZENERGY қауымдастығының төрағасы Болат Ақшолоаков бұл бағытты одан әрі дамыту үшін инвестиция тартудың тиімді тетіктерін қалыптастырып, салалық реттеуді жетілдіру қажет екенін атап өтті.

«Силлено» компаниясының бас директоры Мұхтар Авутбаев мұнай-газ химиясын дамытуға бағытталған нақты жобаларды таныстырды. Оның айтуынша, бүгінде құрылыс жұмысы жүріп жатқан полиэтилен өндіретін зауыт пайдалануға берілгеннен кейін жылына 1,25 миллион тонна өнім өндіріп, мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашуға және сабақтас салаларда қосымша жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол аталған жобаны жүзеге асыруға бүгінде 34 қазақстандық компания қатысып жатқанын мәлімдеді.

Талқылау барысында тәуелсіз мұнай өндіру секторына да назар аударылды. PetroMining қауымдастығының

төрағасы Саятбек Боранбеков қауымдастық құрамындағы компаниялар Қазақстандағы мұнай өндірісі көлемінің 20%-дан астамын қамтамасыз етіп отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, саланы одан әрі дамыту үшін баға қалыптастырудың ашық әрі экономикалық тұрғыда негізделген тетіктерін қалыптастыру қажет.

«Осы алаңда сала өкілдері жүйелі мәселелерді ашық талқылай алатыны қуантады. Біздің ойымызша, ашық баға индикаторларын қалыптастыру қадамы саланың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жаңа кен орындарын игеруге қолайлы экономикалық жағдай жасайды», — деді Саятбек Боранбеков.

Қатысушылар мұнай сервистік қызметтерін, мұнай-газ машина жасау ісін дамыту, ресурстық базаны кеңейту және отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілетін арттыру барысына да ерекше назар аударды. Партия Төрағасы Айбек Дәдебайдың айтуынша, бұл бағыттарды дамыту қадамы заманауи индустриялық экономиканы қалыптастыру ісінің маңызды құрамдас бөлігі саналады.

«Қазақстанның басты байлығы — табиғи ресурстарды тиімді игеріп, оны мемлекет дамуына қажет жаңа мүмкіндіктерге айналдыра алатын адамдар. Егер инженерлерге, кәсіпкерлерге және өндірушілерге қажетті жағдай жасалса, Қазақстан табиғи ресурстарымен ғана емес, өз технологияларымен, өндірісімен және қуатты отандық компанияларымен де танылады», — деді ол.

Талқылау жұмысын қорытындылай келе партия Төрағасы мұндай сарапшылар алаңы мұнай-газ саласын дамытуға қатысты ортақ ұсыныстар әзірлеуге және оны одан әрі дамыту ісінің басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



«Әділет» партиясында «Қуатты өңірлер – қуатты ел» атты стратегиялық сессия өтті. Онда сарапшылар, мемлекеттік органдар мен бизнес қауымдастығының өкілдері Қазақстан өңірлерін дамытуға қатысты ұсыныстарды талқылады.

Жиынның негізгі тақырыптары аймақтар арасындағы айырмашылықты азайту, инвестиция тарту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, сондай-ақ ауылдық аумақтарды дамыту, экология және энергетика мәселелеріне арналды.

Сессия барысында сөз сөйлеген «Әділет» партиясы Саяси кеңесі бюросының мүшесі Рауан Кенжеханұлы өңірлік даму мәселелерін бүгінде тек экономикалық көрсеткіштер арқылы ғана емес, қабылданған шешімдердің халықтың күнделікті тұрмысына қаншалықты оң әсер етіп отырғаны тұрғысынан да бағалау қажет екенін атап өтті.

«Өңірлердің дамуын тартылған инвестиция көлемімен немесе жүзеге асқан жобалар санымен ғана емес, әрбір қала, аудан мен ауылдағы тұрғындардың өмір сүру сапасының нақты жақсаруымен бағалау маңызды», — деді ол.

Ұлттық экономика вице-министрі Асан Дарбаев өңірлердің дамуындағы теңсіздікті қысқартуға бағытталған мемлекеттік саясаттың

негізгі бағыттарына тоқталды. Оның айтуынша, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Өңірлік стандарттар жүйесі аясында елді мекендердің инфрақұрылымдық нысандармен және қызметтермен қамтылу деңгейі 68 пайызға жеткен. Дегенмен қала мен ауыл арасындағы айырмашылық әлі де байқалады. Бұл инфрақұрылымды одан әрі дамытып, базалық қызметтерді алу мүмкіндігін кеңейтуді талап етеді.

Пікірталас барысында қатысушылар өңірлердің тең дәрежеде дамуына ықпал ететін қосымша тетіктерді талқылады. Ulagat Consulting Group директоры Марат Қайырленов өңірлерге инвестиция тартуға қолайлы жағдай қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Ал Қарағанды облысы басқарушы және сервистік компаниялар қауымдастығының төрағасы Ирина Юртанова тұрғын үй қорын басқару жүйесін жетілдіру және инженерлік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Басқосу барысында ауылдық аумақтарды дамыту, агроөнеркәсіп кешенін қолдау, сондай-ақ экология мен энергетика саласындағы өзекті мәселелерге де ерекше назар аударылды.

Жиынды қорытындылаған Рауан Кенжеханұлы мемлекеттік өңірлік саясаттың басты өлшемі оның нақты нәтижесі болуға тиіс екенін атап өтті. Сессияға қатысушылар түскен ұсыныстарды жинақтап, оларды өңірлік саясатты жетілдіру мәселелерін талқылау барысында қарастыру туралы келісімге келді.

ЕЛІМІЗДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ



«Әділет» партиясында мемлекеттік органдардың, IT бизнестің, қаржы секторының және сарапшылар қоғамдастығының өкілдерін біріктірген «Цифрлық мемлекет. Тиімді институттар» тақырыбындағы сараптамалық сессия өтті. Қатысушылар цифрлық экономиканы дамыту, жасанды интеллектіні енгізу, мемлекеттік басқару ісін жетілдіру және отандық технологиялық компанияларды қолдау мәселелерін талқылады.

Кездесуді ашқан «Қазақтелеком» АҚ басшысы әрі партия Саяси кеңесінің мүшесі Бағдат Мусин мемлекет пен отандық

IT бизнес арасында өзара тиімді іс-қимыл орнамайынша, цифрлық экономика одан әрі дамымайтынын атап өтті.

«Бүгінде ақпараттық технологиялар саласына қатысты ең негізгі тапсырыс берушілердің бірі — мемлекет. Сондықтан IT компаниялармен өзара іс-қимыл барысы түсінікті ережелерге, ашық рәсімдерге және болжамды шарттарға негізделуі аса маңызды», — деді ол.

Тақырыпты жалғастырған Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Коняшкин цифрлық мемлекеттің заңнамалық базасын дамыту, жасанды интеллект инфрақұрылымын қалыптастыру және жаңа экономикаға қажет мамандар

даярлау мәселелері туралы баяндалды.

Нарық өкілдері практикалық ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, Halyk Bank АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нариман Мукушев цифрлық мемлекеттік-жөкешелік әріптестік тетіктерін кеңейтуді және мемлекеттік цифрлық сервистерді әзірлеу ісіне бизнесті белсенді түрде тартуды ұсынды. Сондай-ақ технологиялық кәсіпкерлік, венчурлік қаржыландыру, платформалық жұмыспен қамту және саланың кадрлық әлеуетін дамыту мәселелеріне де баса назар аударылды. MOST Holding компаниясының негізін қалаушылардың бірі Павел Коктышев венчурлік капитал

нарығын дамыту бойынша ұсыныстарын айтса, Қазақстандағы inDrive компаниясының басшысы Арай Бекембаев платформалық жұмыспен қамтуды реттеу ісін жетілдіру мәселелеріне тоқталды. Ал Қазақстандық IT компаниялар қауымдастығының президенті Айымгүл Әбілева отандық IT компаниялардың жүйелі жұмыс істеуі үшін неғұрлым болжамды жағдай қалыптастыруға қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Сарапшылар цифрлық мемлекетті дамыту, заңнаманы жетілдіру, отандық IT компанияларға қолдау көрсету, жасанды интеллектіні енгізу және цифрлық экономикаға қажет кадрлар даярлау бағытындағы өз ұсыныстарымен бөлісті.



Бетгі дайындаған Мадияр ТӨЛЕУ

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Астанада «Құрылтай сайлауы: конституциялық негіздер және саяси трансформация» атты сараптамалық талқылау алаңы өтті.



Құқықтанушы ғалымдарды, саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды, экономистерді, еліміздің жетекші сараптамалық орталықтарының және мемлекеттік органдардың өкілдерін біріктірген сараптамалық аланды Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты мен Қоғамдық саясат институты ұйымдастырды.

Құрылтай сайлауының конституциялық және құқықтық негіздеріне арналған бірінші сессияны саясаттанушы Ғазиз Әбішев жүргізді. Пікірталас барысында қатысушылар жаңа өкілді органды қалыптастырудың конституциялық негіздерін, сайлауды өткізудің құқықтық кепілдіктерін, қоғамдық бақылау тетіктері мен азаматтардың сайлау құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелерін, сондай-ақ алдағы сайлау науқанын ақпараттық сүйемелдеудің рөлін талқылады.

VIII-ші шақырылымдағы Мәжілістің экс-депутаты Марат Башимов сайлауды реттейтін конституциялық қағидаттарды егжей-тегжейлі талқылап, Негізгі заң Құрылтайдың мемлекеттік билік жүйесіндегі орнын анықтайтынын және сайлау процесінің құқықтық стандарттарын белгілейтінін атап өтті.

Саясаттанушы, VIII-ші шақырылымдағы Мәжілістің экс-депутаты Айдоос Сарым алдағы сайлау науқаны жаңа конституциялық модельдің алғашқы практикалық сынағы болады деген пікір білдірді. Оның пікірінше, алғашқы сайлаудың сапасы жаңа институттардың орнықтылығы мен қоғамның оларға деген сенім деңгейін айқындайды.

Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры Жанар Жігітекова сайлау заңнамасын бұзу фактілері

бойынша сот арқылы қорғалудың, шағымдану тетіктерінің және заңдық жауапкершіліктің маңызын атап өтті.

Талқылау алаңының екінші сессиясы жаңа электоралдық жағдайда саяси партиялардың стратегиясы мен орны мәселесіне арналды. Сессияны Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Жандос Шаймарданов жүргізді.

Сараптамалық алаңның екінші бөлігінде партиялық жүйенің трансформациясы, партиялық құрылыстың дамуы, саяси өкілдіктің сапасын арттыру, партиялардың өртүрлі әлеуметтік топтармен өзара іс-қимылы, сондай-ақ қазіргі медианың және саяси мәдениеттің сайлау үдерістеріне ықпалы талқыланды.

Саясаттанушы Эдуард Полетаев Құрылтайды тек партиялық тізімдер арқылы қалыптастыруға көшу саяси партиялардың қоғам мүддесін білдіретін негізгі институт ретіндегі рөлін едәуір арттыратынын айтты.

Өз кезегінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, саясаттанушы Индира Рыстина партиялардың идеологиялық бірегейлігін нығайту, кадрлық әлеуетін дамыту және түрлі әлеуметтік топтардың сұраныстарын тереңірек түсіну қажеттігіне тоқталды.

«Стратегия» әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығының президенті Гүлмира Илеуова азаматтардың электоралдық мінез-құлқына қатысты әлеуметтанулық көзқарасын ұсынды. Ол жаңа саяси модельдің орнықтылығы институттардың сапасына ғана емес, саяси мәдениеттің деңгейіне және партиялардың қоғаммен тұрақты өзара байланысына да тәуелді екенін атап өтті.

А.СЕЙІЛ

МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ ІЛУДІҢ ЕРЕЖЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Үкіметі тұрғын үйлер мен салтанатты жиындар өтетін жерге Мемлекеттік ту ілудің ережелерін бекітті.

Үкіметтің 2026 жылғы 26 маусымдағы қаулысымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын, Мемлекеттік елтаңбасын және олардың бейнелерін пайдалану (орнату, орналастыру) қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Жаңа қағидаға сәйкес, патриоттық сезімді, қазақстандық бірегейлікті білдіру, сондай-ақ ел мен оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында жеке және заңды тұлғалар Мемлекеттік туды тұрғын және тұрғын емес ғимараттарға, оның ішінде балкондарға (45 градус бұрышпен), көліктің салонына, салтанатты іс-шаралар өтетін орындарға орнатып, орналастыра алады.

Сондай-ақ мәдени, спорттық, қоғамдық және өзге де іс-шараларда ғана пайдалануға болады. Коммерциялық мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

Тудың жыртылған, тозған, жамалған, тесілген, ластанған, өні кеткен, мыжылған немесе оның қадір-қасиеті мен рәміздік мәнін төмендететін өзге де ақаулары болмауы керек.

«Жер үйлердегі ту еден мен жерден үш метр биік ілінуі керек. Мемлекеттік ту бүтін, бүлінбеген және ұлттық стандарттарға сай болуы шарт», — деп жазылған Үкімет қаулысында.

Айна ХАСАН

КУРЧАТОВТАҒЫ ҚҰРЫЛЫС: ҚУАТ ҚОРЫ МОЛАЙМАҚ



Кез келген мемлекеттің қуаты табиғи байлығымен ғана емес, сол байлықты тиімді пайдалана алатын мүмкіндігімен өлшенеді. Ал ол мүмкіндіктің өзегі – энергетика. Электр қуаты жеткіліксіз жерде өндіріс өркендемейді, инвестиция тұрақтамайды, жаңа технологиялар дамымайды. Сондықтан бүгінде энергетикалық қауіпсіздік мәселесі экономикалық саясаттың ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің де маңызды бөлігіне айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысының Курчатов қаласында қуаты 700 мегаватт болатын конденсациялық электр стансасының құрылысы басталуы жай ғана кезекті инвестициялық жобаның іске қосылуы емес. Бұл – Қазақстанның алдағы онжылдықтағы энергетикалық келбетін айқындайтын стратегиялық қадамның бірі.

Кейінгі жылдары елімізде электр энергиясына деген сұраныс айтарлықтай өсті. Өнеркәсіп көлемі ұлғайып, жаңа кәсіпорындар іске қосылып жатыр. Цифрландыру үдерісі де энергияға деген тәуелділікті күшейтті. Ал қолданыстағы көптеген электр стансалары өткен ғасырдың еншісінде қалған. Олардың біркәтәріның жабдықтыры тозып, жаңғыртуды қажет етеді. Мұндай жағдайда жаңа генерациялау қуаттарын іске қосу – ертенге қалдыруға болмайтын міндет.

Курчатовтағы жаңа конденсациялық электр стансасы – осы қажеттіліктен туындаған жоба. Жалпы құны 881 миллиард теңгені құрайтын нысан 2026–2032 жылдары салынып, толық іске қосылған соң жылына 5 миллиард киловатт-сағатқа дейін электр энергиясын өндіреді. Бұл – бір ғана өңірдің емес, тұтас елдің энергетикалық жүйесіне елеулі үлес.

Жобаның әлеуметтік маңызы да аз емес. Құрылыс барысында бес мыңға жуық адам жұмыспен қамтылады. Кейін төрт жүз тұрақты жұмыс



орны ашылады. Бірақ мәселе тек жұмыс орындарының санында емес. Мұндай жобалар өңірдің тынысын өзгертеді. Жол салынады, инженерлік желілер жанаарды, қызмет көрсету саласы дамиды, шағын және орта бизнеске жаңа мүмкіндік туады. Басқаша айтқанда, бір энергетикалық нысан тұтас экономикалық экожүйенің дамуына жол ашады.

Курчатовтың тандалуы да кездейсоқ емес. Бұл қала қазақ ғылымының тарихында ерекше орын алады. Бір кездері ядролық зерттеулердің орталығы болған қала енді жаңа энергетикалық жобалардың алаңына

яғни елдің энергетикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге қызмет етуге тиіс.

Абай облысында жүзеге асырылып жатқан жобалар – осы саясаттың нақты көрінісі. Шүлбі су электр стансасының қуатын ұлғайту, Семей су электр станциясын салу, Семейдегі жаңа ЖЭО құрылысы және енді Курчатовтағы конденсациялық электр стансасы – мұның бәрі өңірдің энергетикалық әлеуетін жаңа деңгейге көтеретін бастамалар.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қуатты энергетикалық инфрақұрылым қалыптастырған елдер ғана тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізеді. Электр қуаты жай ғана жарық емес. Ол – жаңа зауыттардың жұмысы, мыңдаған адамның еңбегі, цифрлық экономиканың тынысы, өңірлердің дамуы. Сондықтан Курчатовта қаланған іргетасты бір ғана құрылыс нысанының бастауы деп қарауға болмайды. Бұл – Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін нығайтуға бағытталған ұзақ жолдың кезекті белесі. Ертен ел экономикасының қуаты артып, жаңа өндірістер іске қосылып жатса, бүгінгі қабылданған осындай шешімдердің маңызы айқындала түседі. Өйткені мемлекет қуаты ең алдымен энергия қуатынан басталады.

Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ,
Абай облысы



ҚОҒАМ

9 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Президент «Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыратын жан-жақты және қарқынды жұмыстың басталғанын» жариялады. Бұл бастама мемлекет пен қоғам дамуына тың серпін бермек. Алайда оның зор мүмкіндігімен қатар, елеулі сын-қатері де бар: бақылау божыраса, сала жемқорлық ошағына айналуы мүмкін. Жоғарғы аудиторлық палата әшкерелегендей, ақпараттық жүйелерді сүйемелдеуге 33 мемлекеттік орган бір жылда 345 млрд теңге шығындапты. Кейбірі тіпті іске қосылмай жатып жабылған. Сондықтан бұл салаға толық инвентаризация жүргізілмек. Реформа аясында қандай жаңалықтар мен өзгерістер күтіледі?

Айхан ШӘРІП

ЦИФРЛАНДЫРУ МА, ҚАРЖЫ ИГЕРУ МЕ?

Жоғары аудиторлық палатаның талдау қорытындысында айтылғандай, 2007 жылдан 2024 жыл аралығында 177 ақпараттық жүйе жасалыпты, соның 25-і іске қосылмаған. «Ақпараттандыру туралы» заңның нормаларына сәйкес бір жыл ішінде бұл жүйелер қолданысқа берілуге тиіс еді. Алайда бұған дейін депутаттар да мәселе көтергендей, әр министрлік пен мемлекеттік ұйым бұл бағытта өз бетінше және билгендерінше әрекет жасап келді. Ортақ саясат болмаған көрінеді. Салдарынан мемлекеттік аудиторлар ел бюджетінің миллиардтаған қаржысы заң кетіп, сайда саны, құмда ізі қалмағанын анықтады.

Сарапшылардың сынына жүгінсек, қазір кез келген мемлекет цифрландыруды алға тартып, әр бастамаға бола жеке портал, қосымша, сервис, тіпті тұтас ақпараттық жүйе құрып не сатып алатын болды. Бұл құралдар қарапайым халық пен бизнеске, тұтас мемлекетке зор игілік әкелсе, құба-құп. Бірақ үлкен бөлігі көпшілік пайдаланбағандықтан қараусыз, дамусыз қалады немесе қаржы игерілген соң жабылып, келесі платформа қолға алынады.

Сондай-ақ бюджеттен тиісті қаржысы бөлінгенмен, іске асырылуы кейінге шегеріле беретіні де жетерлік. Бір мысал: Мемлекет басшысының елде балық шаруашылығын қарқынды дамыту тапсырмасына орай соңғы VIII шақырылымдағы қо палатасы Парламент «Ақвашаруашылық туралы» заңын бір жыл пысықтап, ақыры 2025 жылғы 12 маусымда қабылдады. Заң былтыр күшіне енді. Одан бұрын 2024 жылғы 20 қарашада өткен Мәжілістің жалпы отырысында Ауыл шаруашылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев балық шаруашылығын жедел қарқынмен дүрілдете дамыту үшін енді жеке ақпараттық ресурс құратындарын жариялады.

— Бірінші кезекте ақпараттық жүйені дамытамыз. Акваөсірудің мониторингі мен талдауын енгізу қажет. Осы мақсатта акваөсіру өнімдерін қадағалайтын аква-шаруашылығы субъектілерінің тізілімі енгізіледі. Бұл саланы толық цифрландырамыз. Бұл жемқорлыққа тосқауыл қойып, бақылау орнатудың бір әдісі болады. Респубикалық бюджеттен мұндай ақпараттық жүйені құру қолдау тапты: 2026—2027 жылдарға 1 млрд 230 миллион теңге бөлінді. Бұл жүйе «Кеден», eGov порталы, ветеринариялық қызмет, EDIS субсидиялау жүйесі және меморгандардың басқа да ақпараттық жүйелерімен интеграцияланады, — деп уәде етті АШМ басшысының орынбасары.

Содан бері 1,5 жылдан астам уақыт өтті. Уәде орындалды ма? Ауыл шаруашы-

ЦИФРЛАНДЫРУДАҒЫ ТҮГЕНДЕУ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖАҢА ТАЛАП



лығы министрлігі аквамәдениетті дамытуға арналған ақпараттық жүйені енгізу 2027 жылға қалдырылғанын жариялап отыр. Ведомство балық шаруашылығы саласын цифрландыруды кезең-кезеңімен жүзеге асыратынын білдірді. Былтыр балық және балық өнімдерінің қадағалануын қамтамасыз ететін E-Fish ақпараттық жүйесі іске қосылыпты. Ол балық пен балық өнімдерінің шығу тегін растайтын құжаттарды беруге қатысатын меморгандардың ақпараттық қорларын өзара байланыстырады. Негізгі мақсаты — заңсыз өнім айналымының алдын алу көрінеді. Жүйе енгізілгені балық өнімдерінің көленкелі айналымы 2 мың тоннаға қысқарғаны мәлімделді. Сонша зор жетістік деуге келмейді.

«Бүгінгі күні E-Fish жүйесінде балық шаруашылығы және аквамәдениет саласындағы 1 196 субъект тіркелген. Бұл олардың жалпы санының 95%-дан астамын құрайды. «Аквамәдениет туралы» заңын іске асыру аясында 2027 жылдан аквамәдениетті дамытуға арналған ақпараттық жүйені енгізу көзделген. Оны қолданыстағы E-Fish жүйесінің негізінде «Аквамәдениет» атты жеке бөлім құру арқылы жүзеге асыру жоспарланып отыр.

ЖЕТКІЗУШІГЕ ТӘУЕЛДІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТӘУЕКЕЛІ

Белгілі зангер және экономист Нұрсұлтан Байтілесовтің айтуынша, елімізде

мемлекеттік басқаруды цифрландыру және электронды Үкіметті дамыту саясаты белсенді жүргізіліп жатыр. Дегенмен ол қолданыстағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерге жүргізілген талдау бұл салада құзырлы органдардың ерекше назарын талап ететін «жүйелі құқықтық, ұйымдастырушылық және технологиялық проблемалардың барын» көрсеткеніне назар аудартты.

— Елімізде көп жағдайда осы қаптаған ақпараттық жүйе, платформа, ведомстволық деректер қорларын басқарудың біртұтас және ашық моделі жоқ. Яғни меншік иесі, операторы, баланс ұстаушысы, әкімшісі және бағдарламалық қамтылымның авторлық құқығының иесі көбінесе өртүрлі субъекті болып шығады. Салдарынан қателік пен жемқорлық үшін жауапкершілік төмендеп, манызды цифрлық инфрақұрылымға тиімді бақылау жүргізілмейді. Дербес деректер, тергеу материалдары, салықтық және қаржылық ақпарат өңделетін жүйелердегі жағдай ерекше алаңдаушылық туғызады. Мұндай жүйелердің айтарлықтай бөлігі үзік-үзік, фрагментті, өртүрлі технологиялық платформаларда және өртүрлі мердігерлермен жасалған, — деді Н.Байтілесов.

Сарапшының түсіндіруінше, бұл сондай-ақ деректердің қайталануына, жүйелердің үйлесімсіздігіне, оларды сүйемелдеу мен модернизациялау шығындарының өсуіне, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік

тәуекелдерінің артуына әкеп соқтырды. Бұдан бөлек, әлі күнге дейін мемлекеттік ақпараттық жүйелерді есепке алудың, оларды балансқа қоюдың, цифрлық активтерді инвентаризациялаудың, бастапқы код пен техникалық құжаттаманы мемлекетке берудің бірінғай тәсілі жоқ екен.

«Соның кесірінен жекелеген жағдайда мемлекеттік органдар жеткізушілердің

шектеулі тобына технологиялық тұрғыдан тәуелді болып қалады. Олардың қатысуынсыз жүйелерді сүйемелдеу және модернизациялау қиындайды, тіпті мүмкін болмай қалады. Ұлттық экономика министрлігінің ақпараттық жүйесі — «Кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне» қатысты жағдай бұған айқын мысал бола алады. Онда жеткізушімен өзара іс-қимыл тоқтатыла сала, әкімшілендіруді, рұқсаттарды, кілттерді бақылап, сүйемелдеуде қиындықтар туындайды. Бұл мемлекеттің өз ақпараттық жүйелеріне толық бақылауын жоғалту тәуекелі барын паш етті», — деді зангер.

Әңгіме дербес деректерді, қаржылық және қызметтік ақпаратты өңдейтін жүйелер туралы болып отырғанын ескерсек, аталған олқылықтар тек басқарушылық сипатта ғана емес, сонымен бірге ақпараттық қауіпсіздік пен ұлттық тұрақтылық мәселелеріне нұқсан келтіретін шетін, төтенше сипатқа ие болады. Осыған байланысты маманның пайымдауынша, бұл проблема Үкіметтен жүйелі түрде әрекет етуді талап етеді. Мұның сыртында мемлекеттік ақпараттық жүйелерді (МАЖ) есепке алудың, меншікке алудың және қатан бақылаудың бірінғай моделін құру керек. Ол үшін жауапкершілікті нақты айқындап алу қажет. Бұдан бөлек, МАЖ-ға толық түгендеу жүргізу ұсынылды: мердігерлерге технологиялық тәуелділікте тұрған жүйелерді анықтап, ондай кіріптарлықтан арылу шешімдері қабылдануға тиіс.

ҮКІМЕТ БАҚЫЛАУДЫ ҚАЛАЙ ҚАЙТАРАДЫ?

Сарапшылардың бұл дабылына Үкіметте осы салаға жауапты тұлға, Премьер-министрдің орынбасары — Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев жауап берді. Ол Президенттің «Қазақстандағы цифрландырудың кейбір мәселелері туралы» 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №1117 Жарлығына сәйкес, жуырда меморгандардың қолданыстағы ақпараттық жүйелеріне кешенді талдау жүргізілгенін хабарлады. Соның негізінде оларды «Электронды Үкіметтің» QazTech атты жана ақпараттық-коммуникациялық платформасына кезең-кезеңмен көшіру жоспары түзіліпті.

— Міне, осы QazTech платформасына көшіру мемлекеттік органдардың жекелеген жеткізушілер мен технологияларға тәуелділігін төмендетуге, сәулеттік және техно-

логиялық тәсілдерді біріздендіруге, МАЖ-ды сүйемелдеудің ашықтығын арттыруға бағытталған. Талдау нәтижесінде мемлекеттік органдардың қолданыстағы 196 ақпараттық жүйесінің тізбесі қалыптастырылды. Соның ішінен QazTech платформасында орналасыру үшін 176 ақпараттық жүйе тандап алынды. Қалған 20 жүйе мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерінің болуына байланысты оқшауланған контурда жұмыс істеуі қажет. Сондықтан олардың бір бөлігі пайдаланудан кезең-кезеңмен шығарылады, басқасы көшіру жоспарынан шығарылды, — деді вице-премьер Жаслан Мәдиев.

Ол «кейбір мемлекеттік ақпараттық жүйелердің тізгіні жекенің уысына түсіп кеткен» деген дабылға да жауап берді. ЖИ министрінің айтуынша, бөгденін ақпараттық жүйелерге қол жеткізуі, бастапқы кодтарды мемлекет иелігінде сақтау, техникалық құжаттаманың болуы және ақпараттық жүйелердің талаптарын орындау мәселелері бойынша бақылау іс-шаралары тұрақты негізде жүргізілетінін жеткізді.

Бірақ осы мақсатта 2022-2025 жылдар кезеңінде жоспардан тыс небәрі 12 тексеру ғана жүргізіліпті. Оның нәтижелері бойынша 2 заңды тұлға, 9 лауазымды тұлға және бір жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылған, яғни айыппұлмен құтылған.

— «Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі» ақпараттық жүйесі ақпараттандырудың сервистік моделі тегігімен сатып алынған еді. Ол бойынша мемлекеттік орган дайын бағдарламалық қамтылымды не сервисті пайдалана алады. Сервистік модель шеңберінде өнім беруші өз қаражатына бағдарламалық қамтылымды әзірлейді, оны техникалық сүйемелдейді және меморганға тиісті функционалға қолжетімділікті ұсынады. Бұл ретте меморган деректерді иелену және басқару құқығын сақтайды. Қажет болған жағдайда ғана меморган мүлкікті құқықтарды, бастапқы кодтарды және техникалық құжаттаманы кейіннен мемлекетке бере отырып, бағдарламалық қамтылымды сатып алуға бастамашылық жасауға құқылы, — деді Жаслан Мәдиев.

Демек, бұл тұрғыда мемлекеттің жекеге тәуелді болып қалуының қауіп-қатері сақталғаны байқалады. ЖИ министрінің мәліметіне сенсек, сарапшылар мен депутаттар жария еткен проблемаға байланысты Үкімет пен министрлік ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру тәсілдерін қайта қарап жатыр. Сондай-ақ қазіргі уақытта дауға нысан болған «Кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі» цифрлық жүйесіне мүлкікті құқықтарды жеткізудішен мемлекет меншігіне беру, оның ары қарайғы дамуын қамтамасыз ету үшін жүйені «Электронды қаржы орталығы» АҚ-ына бекітіп беру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқаны мәлім болды.

Қалай болғанда, Үкімет бұл цифрлық активтерді басқарудың ашықтығын арттыруға, жеткізушілерге технологиялық тәуелділікті төмендетуге, мемлекетіміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бюджет қаражатын тиімді пайдалануға бағытталған шаралар қабылдауға бар күшін салса ғана цифрландыру ел игілігіне айналмақ.

НАРЫҚ

КЕЛІМСЕГІ КӨП КРИПТОБИРЖА

Еліміздің криптонарығында түсініксіз жағдай қалыптасты. Әлеуметтік желіде тараған алыпқашпа сөзге қарағанда, CaspianEx (Top Line Limited), ATAIX Eurasia секілді бірқатар жергілікті биржаның жабылу қаупі бар. Бұған қатысты тиісті құрылымдар әзірге ресми жауаптарын беруге асығар емес. Дегенмен жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды. Отандық компаниялар жағдайының шатқаяқтап тұрғаны жиі айтылып жүр. Қазақстан нарығында еркін жұмыс істеп жатқан әлемдік биржалардың тегеуріні отандық компаниялардың адымын аштырмай тұрғанын сала сарапшылары да айтады. Клиенттік база толмай, табысқа жарымаған соң жыл соңына дейін түгел жабылып жатса да таңғалатын түгі жоқ. Есесіне, солардың орнын шетелдік биржалар басуға қамданып жатыр деген екінші сөз тарады. Жағдай шынымен осылай әрбісе, бұл бір компанияның орнын екіншісі алмастырды деген сөз емес. Ал одан келер қауіп орасан.

АЕрбол ТҰРЫМБЕТ

TELEGRAM ЛИЦЕНЗИЯҒА ЕНДІ ҒАНА ӨТІНІШ БЕРДІ

Айта кетейік, бүгінде АХКО Қаржылық қызметтерді реттеу комитетінің (AFSA) лицензиясын алып, заң аясында жұмыс істеп жатқан 24 компания бар. Арасында бірнешеуі әлі комитеттің бақылауына толық өткенге дейінгі FinTech Lab кезеңінде. Бұлардан бөлек, тағы 6 компания лицензия алуға өтініш беріп, мақұлдауын күтіп отыр. Солардың арасында Telegram да бар. Жалпақ жұртқа әлеуметтік желі, жаңалық арналары сипатымен жақсы танылған әлемдік компания Қазақстан аумағында тағы бір қырын ресми жолмен паш ете бастады. AFSA-ның жария тізіміне қарағанда TG Wallet KZ Ltd биыл 5 маусымда тіркеліп, лицензияға өтініш берген. Қазір тексеру кезеңінде, комитеттің мақұлдауын күтіп отыр.

Естеріңізге болса, осыдан тура екі жыл бұрын Telegram иесі Павел Дуров Астанаға келгенде АХКО оның Topcoin криптовалютасын листингке енгізген еді. Сол кезден бергі қалыптасқан әріптестіктің арты енді міне, биржа ретінде тіркелуге ұласып жатыр. Telegram-ның неге енді ғана ресми түрде тіркеліп жатқаны белгісіз. Олай дейтініміз, ол осыған дейін де Қазақстан азаматтары үшін еркін қолдана алатын сауда алаңы

болып келген еді. Қолданушылар тура сол Telegram-ның ішінен-ақ биткоин немесе басқа да криптовалютаны саудалап жүр. Алайда тиісті лицензиясы болмаған соң ол операцияның бәрі нарықты реттеуші органдар есебіне кірмейді. Осындай сәтте құзырлы органдардың неге тіс батырмай отырғаны да ақылға сыймайды, бірақ ол — басқа әңгіме. Бізге қызығы, оның лицензия алуға деген талпынысы дәл осы жергілікті биржаларға қатысты алыпқашпа әңгіме туа бастаған шақпен тұспа-тұс келіп тұрғаны.

Оның үстіне, АХКО лицензиясына ұмтылып жатқан жалғыз Telegram емес. Алты бірдей компанияның өтініш беріп қойғанын әлгінде айттық. Соның ішінде тағы бірі — AROOT Kazakhstan Ltd да біздің нарыққа жат ұйым. Компания Оңтүстік Кореяда принтердің тұр-түрін, сондай-ақ электронды құралдардың аксессуарларын өндіріп, сатудың айналысы келген. Былтыр күзде холдингтік активтерді басқару ретінде көрсетіп, AFSA-ға тіркелсе, биыл енді цифрлық активтерге қатысты қаржылық қызметтер көрсету функциясын іске қоспақшы. Құзырлы орынның мақұлдауын күтіп отырғандардың бірі Investment Club BRICS+ Ltd. басшылары Никита Синельников, Антон Саниндер де ресейліктер.

Әлемдік биржалар дегенде бір нәрсені айтпай кетуге болмайды. Лицензия алған жергілікті биржалар клиенттердің қаражатын сақтау, тәуекелдерді басқару, киберқауіпсіздік



бойынша талаптарды орындауға міндетті. Сонымен қатар ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы (AML/CFT) рәсімдерді жүргізеді, клиентті сәйкестендіреді (KYC), реттеуші тарапынан тексеріліп, үнемі есеп беріп отырады. Мұндай қатан бақылау жағдайында саудагер де, цифрлық актив те күмән туғызбайды.

Ал ел нарығында неше жылдан бері сөз болып жүрген Binance.com және Vubit.com-дарға қатысты дау көп. Жергілікті лицензияны алғанымен, Қазақстан нарығына арналған арнайы сайтының болмауы көп сұрақ туындатып келеді. Әлем және Қазақстан нарығына ортақ сайт қолданылған жағдайда цифрлық актив саудагерлерінің жасырын қалу мүмкіндігі бар. Оған қоса, шыққан тегі күмәнді әрі қауіпті активтер саудалана береді. Ақырында көленкелі айналымда деп айтылып жүрген нешеме миллиард доллардан лайықты көлемде пайда түсіре алмай отырғанымыз сол күмән бұлтын қоюлатпа түседі. Осыдан соң Қазақстан аумағына жанадан кіріп жатқан шетелдік биржалар да Binance салған соқпақпен кетсе, күмәнді әрі көленкелі операциялар ауқымы одан әрі арта түспек. Осыдан соң ендігі кезекте ел аумағына кіруге мүлде тыйым салынған KuCoin, OKX, Mexx, Kraken сынды биржалар да біздің нарыққа ауыз сала бастамасына кім кепіл?

САЛАНЫ ТОҚЫРАТҚАН ҮШ СЕБЕП

Отандық биржаларға қатысты қауесеттің таралуы жай емес екенін сала сарапшысы Дәурен Қарашев та айттып отыр. Оның сөзінше, бейресми хабарға сенсек, 2026 жылдың соңына дейін қазақстандық криптобиржалар, яғни қазақстандық құрылтайшылар

ашқан биржалар түгел жабылуы мүмкін. Мұндай қауіптің үш түрлі себебін айтады.

Біріншіден, қазір құзырлы органның ұстанымы біркелкі емес. 2025 жылдың соңына қарай осы салада заңдарға үш түрлі өзгеріс енді. Олардың абсурдты болғаны соншалық, 2026 жылы қолданысқа енгізілген заңнамалық өзгерістердің кейбірінің ғұмыры үш-ақ жылға жетті де жана түзетулермен қайта өзгеріп кетті. Сөйтіп, осыған дейін қабылданған «ЖИ туралы» заңдағы түзетулер кейін «Банк және банк қызметі туралы» заңдағы және Цифрлық кодекстегі түзетулер арқылы күші жойылды. Зандағы осындай тұрақсыздық — бұл бірінші себебі.

Екіншісі, Қазақстан ешқашан өзін оффшор аймақ деп көрсетпейді, біздің территориямыз FATF пен басқа да халықаралық ұйымдар талабына сай келеді. Сөйте тұра, іс жүзінде жағдай керісінше өрбіп барады.

Біздің елде лицензия алмаған биржалардың жұмыс істеуіне тыйым салынған. Өйткені қауіп көп, цифрлық активтердің псевдоанонимді сипаты бар. Олар көдімгі ақша мен төлем құралдарын оңай алмастыра алады. Тек айырмашылығы, криптоактивтерді басқару қиын.

Псевдоанонимді деп айтылатын себебі мынада. Бір мекенжайдан екінші мекенжайға жіберілгенде жай уақытта қанша көлемде кеткенін біле аламыз. Бірақ жіберуші белгісіз қала алады. Оны арнайы мамандандырылған платформалар, яғни криптобиржалар анықтайды. Сол үшін біздегі ҰБ пен АХКО лицензиясын алған криптобиржалардың бір қаржылық мониторинг органдарының бақылауында болады. Сайып келгенде, бізде осы салада биржалардың заңды жұмыс

істеуі үшін жалғыз жол — тиісті лицензиясы болуы керек.

Ал лицензиясы жоқтар үшін қатан бап қарастырылған. Себебі криптобиржалар арқылы өте үлкен көлемдегі қаражат айналады. Мәселен, Қылмыстық кодексте 214-бап, сол сияқты Әкімшілік кодексте де арнайы бап бар. Осындай басым заңдар бола тұра, бізде әлі күнге дейін лицензиясыз криптобиржалар жұмыс істеп келеді.

«АКШ Сенатында (әлде Өкілдер палатасында) тергеу жүріп жатыр. Олар Binance.com-ға үлкен айып тағып отыр. Өйткені биржа ирандық ұйымдарға қаржы құралдарын жіберіп және олардан қабылдап алып отырған-мыс. Иран санкцияның астында отырса да, Binance-қа өздерін «Хамас» ретінде таныстыратын әмиандардан қаржы құралдары еркін кіріп жатыр. Демек, бұл әлемдік биржа сайтына кірген қазақстандықтар осы сауда операцияларына ілігіп кетуі мүмкін. Осыларды көріп отырып, неге әлі күнге Қазақстан аумағында еркін жұмыс істеп келе жатқаны түсініксіз», — дейді ол.

Үшінші фактор, жалпы криптобиржалар үшін лицензия алу — өте қымбатқа түсетін шара. Бірақ олар 2023 жылы қабылданған «Цифрлық активтер туралы» заңның талабына үміт артты. Ол бойынша қазақстандық майнерлер осында өндірген криптоактивтерінің 2024 жылы 50%-ын, 2025 жылы 75%-ын және биылдан бастап барлығын қазақстандық криптобиржаларда сатуға міндетті еді. Осыдан дәмеленген жергілікті криптобиржалар 2023 жылы осы бизнеске қыруар ақша құйып, біраз табысқа кенелеміз деп ойлады. Олар тіпті қарапайым крипто-саудагерлер болмай қалады деп бас ауыртқан да жоқ, себебі ірі майнерлерден түсетін табыс жеткілікті болар еді.

— Алайда оларды құзырлы органдар оларды «лақтырып» кетті. Бұл әдейі жасалған әрекет пе, әлде осылай болып қалды ма — белгісіз. Былтыр Парламентте депутат Екатерина Смышляеваның ұсынысымен майнерлерді артқы уақытпен әлгі міндет-темеден босатып жіберді. Ал біздің майнерлер өндіретін криптоактивтердің өтімділігі өте жоғары. Себебі олар таза, ешқандай күмәнді жүйеге қатысы жоқ. Соның салдарынан отандық биржалар табысыз қалды, — дейді Дәурен Қарашев.

Айта кетейік, дәл осы майнерлерге қатысты заңдағы өзгеріс алғаш сөз бола бастағанда қазақстандық биржалар қауіптің алдын алу үшін Парламентке және құзырлы органдарға бірлесіп хат жазған болатын. Сонда заңдағы мұндай өзгеріс отандық нарыққа үлкен қауіп төндіретінін ескерткен еді. Алайда бір де бір орган бұл ұсынысқа жауап қатпады.

ҚАМҚОРЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІ ТАҒДЫРЛАР



Елшір ҚАБА (қолжазба)

Олар 18 жасқа толған күні балалар үйінің есігінен үлкен өмірге қадам басады. Бірі жоғары білім алып, қоғамға бейімделіп, өз орнын тауып жатса, ал енді бірі жылдар бойы баспана кезегін күтіп, одан қалса тұрақты жұмысқа орналаса алмай, діңкелеп жүріп тірлік кешеді. Мемлекет олардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдарды жетілдіріп келеді. Алайда ресми деректердің өзі жетім балалардың әлеуметтік бейімделуі мен тұрғын үй мәселесі әлі толық шешілмегенін көрсетеді.

Айгүл СЕЙІЛ

Еліміз кейінгі жылдары балалар үйлерінің санын азайтып, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына орналастыруға басымдық беріп келеді. Оқу-ағарту министрлігінің мәліметіне сәйкес, бүгінде елімізде 20 178 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала бар. Оның 16 294-і азаматтардың отбасыларында тәрбиеленсе, 3 884 бала арнайы ұйымдарда тұрып жатыр. Бұл — мыңдаған баланың тағдыры әлі де мемлекет қамқорлығына тәуелді деген сөз.

“**Қазір республика бойынша «жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша 59,9 мың азамат баспана кезегінде тұр.**

Қолданыстағы заңнама жетім балаларға бірқатар әлеуметтік кепілдік береді. Олар білім беру ұйымдарына түсу кезінде арнайы қабылдау квотасына ие, мемлекеттік білім грантын тағайындауда басымдыққа ие болады. Колледждер мен жоғары оқу орындарында жатақханамен қамтамасыз ету, материалдық қолдау көрсету, қаниқул кезінде жол шығындарын өтеу сияқты жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ тұрғын үй заңнамасына сәйкес, жетім балалар коммуналдық тұрғын үй қорынан баспана алуға бірінші кезекте үміткер бола алады. Ал Жергілікті атқарушы органдар оларды жұмысқа орналастыруға міндетті. Солайша, қағаз жүзінде қарасак, әлеуметтік қолдау жүйесі жеткілікті сияқты әсер береді.

59,9 мың азамат баспана кезегінде тұр

Оқу-ағарту министрлігі берген мәліметтің ішіндегі ең маңыздыларының бірі — тұрғын үй кезегіне қатысты мәлімет. Қазір республика бойынша «жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар» санаты бойынша 59,9 мың азамат баспана кезегінде тұр. Салыстыра айтсақ, бір Гренландия аралының халқына пара-пар азаматтардың үйі жоқ. 2026 жылдың өткен кезең ішінде жергілікті атқарушы органдар осы санаттағы 465 азаматқа тұрғын үй берген. Иә, заң бойынша оларға басым құқық берілген, әйтсе де баспана кезегі баяу жылжып жатқан сынайы бар.

Айта кету керек, жетім балаларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесінде соңғы уақытта бірқатар өзгерістер қабылданды. Жуырда Премьер-министр Олжас Бектенов Сенат депутаты Андрей Лукиннің сауалына жауап беріп, жетім балалар үшін тұрғын үй алу тәртібін

бүгінгі күні тұрғын үй кезегінде 59,9 мыңға жуық жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған азамат тұрғанын жоғарыда айттық. Бұл заңнаманы жетілдірумен қатар, оның нақты орындалуы мен тұрғын үймен қамту қарқынын арттыру мәселесі әлі де өзекті екенін көрсетеді.

БУЛЛИНГКЕ СТАТИСТИКА ЖҮРГІЗІЛМЕЙДІ

«Ата-анасы бар баланың көзінен жас аққанда, жетімнің көзінен қан ағады» дейтін қазақпыз. Сол онсыз да жаны жаралы жетім балалар мектепте басқа балалар тарапынан мазақ пен қорлыққа, қысымға ұшырамайды деп ешкім де сеніммен айта алмайды. Өйткені мектептердегі буллинг мәселесі тып-типыл жойылып кетпегені анық. Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкинаның айтуынша, білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, буллингтің, көмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтар мен суицид көріністерінің алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

«Балаларға уақтылы психологиялық көмек көрсету мақсатында психологиялық қолдау орталықтары жұмыс істейді. Балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг жағдайларын азайтуға, білім беру ұйымдарында қауіпсіз, қолдаушы және құрметке негізделген ортаны қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингтің алдын алу бағдарламасы іске асырылуда. Балалардың құқықтарын бұзу, құқықбұзушылықтар жасау, буллинг жағдайлары не көмелетке толмағандардың физикалық және психоэмоционалдық жай-күйіне теріс әсер ететін өзге де мән-жайлар фактілері анықталған кезде Қазақстан Рес-

публикасының заңнамасына сәйкес ден қою шаралары қабылданады», — дейді ол.

Алайда назар аударатын бір жайт, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар арасында буллинг, құқықбұзушылық және суицидтік мінез-құлық жағдайларын жеке статистикалық есепке алу жүргізілмейді. Яғни бұл санаттағы балалардың психологиялық ахуалына қатысты нақты талдау жасауға мүмкіндік беретін деректер жоқ.

Бірақ білім беру ұйымдарында 2017 жылы құрылған Қамқоршылық кеңестері жұмыс істейді. Қамқоршылық кеңестің мүшелері ұйымның бюджетін қалыптастыру мәселелерін қарауға қатысады, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу процестеріне, сондай-ақ ұйымның шотына түсетін демеушілік және қайырымдылық қаражатының жұмсалыуына мониторингті жүзеге асырады.

Бұдан басқа, қамқоршылық кеңес тәрбиеленушілерде санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын, тамақтанудың сапасын және тәрбиеленушілерді қажетті киім-кешекпен қамтамасыз етуді қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің ақшалай қаражаттары мен материалдық құндылықтарының сақталуы, мүлктік және мүлктік емес құқықтарының сақталуына мониторингті жүзеге асырады.

ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЛУ — ҮЛКЕН МӘСЕЛЕ

Балалар үйінен шыққаннан кейінгі өмір — ең маңызды кезеңнің бірі. Дегенмен дәл осы бағытта ақпарат жеткіліксіз. Министрліктің мәліметіне сәйкес, жетім балалардың жұмыспен қамтылуы мен тұрғын үй мәселесіне мониторинг жүргізіледі, ал олардың қоғамға бейімделуі, отбасы құруы, тұрақты еңбек нарығына орналасуы жөнінде кешенді зерттеулер жүргізілмеген.

Бұл — мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін бағалауды қиындататын фактор. Өйткені баланың тағдыры балалар үйінен шыққан сәтте аяқталмайды. Керісінше, дәл сол кезде оның дербес өмірі басталады. Баспанамен қамтылу, тұрақты жұмыс табумен қатар психологиялық тұрақтылық, қоғамға бейімделу — олардың болашағын айқындайтын негізгі мәселелер. Дұрысы, жетім бала үшін әлеуметтік көмек маңызды, ал қоғамға әлеуметтік-психологиялық бейімделу одан да маңызды мәселе.

Осы жерде айта кететін бір жайт, «Қазақстан балалары» 2026-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жетім балаларға арналған ұйымдардың түлектерін ересек өмірге бейімдеу тетіктері күшейтілді. Соның ішінде бүгінгі Жасөспірімдер үйлерін әлеуметтік бейімдеу орталықтарына айналдыру жоспарланып отыр. Әрине, бұл — алдағы күндердің еншісіндегі шаруа.

Иә, жетім балаларды қолдау тек жәрдемақы немесе тұрғын үй кезегімен өлшенбейді. Олардың толыққанды білім алуы, мамандық игеруі, жұмыс табуы, психологиялық тұрғыдан орнықты азамат болып қалыптасуына қоғам да, мемлекет те мүдделі болуы керек деп ойлаймыз.

Гүлзат АСАНОВА,
Қазақстан психологтар одағының төрайымы:

— Олардың көпшілігі мықты болып көрінуге тырысады. Бірақ қиналғанда, қорыққанда немесе тығырыққа тірелгенде көмек сұрауды білмей жатады. Тағы бір ерекшелік бар. Бала күнінен олар үшін маңызды шешімдерді басқалар қабылдайды. Сондықтан есейгенде оларға өз бетінше тірлік ету оңайға соқпайды.

Кейде олардың ересек өмірге ашық тәнізге жалғыз шыққандай күйде қадам басып жетіледі. Иә, тұрмыстық дағдылары бар. Көпшілігі ас әзірлей алады, үй жинайды, күнделікті тіршілікті ұйымдастыруды біледі. Бірақ жандарында сенімді ересек адам болмаған, қиналғанда арқа сүйеп үйренбеген. Қарым-қатынастың қаншалықты маңызды екенін осы арқылы көруге болады. Сол үшін досымен, сүйіктісімен немесе жұмыста келіспеушілік туындаса, мұндай жағдайлар оларға өте ауыр тиюі мүмкін.

Материалдық қолдау өте маңызды. Алайда одан кем емес маңызды нәрсе — жанында сенімді адам болуы. Сол арқылы адам көмек сұрауды, қиындықты жалғыз көтермейді, қарым-қатынаста берік болуды және қаржысын жоспарлай білуді үйренеді.

Мен, жалпы, оларға қолжетімді психологиялық көмектің болғанын қолдаймын. Бірақ ол «есеп үшін өткен үш кездесу» болып қалмауы керек. Қажет болса, адам психологпен ұзақ уақыт жұмыс істеп, біртіндеп сенімді қарым-қатынастың тәжірибесін жинақтай алуы маңызды. Өйткені дәл осындай тәжірибе уақыт өте келе ересек өмірдегі ең берік сүйеніштердің біріне айналады деп ойлаймын.

Жақында отандық дәрігерлер тобы Ауғанстанға гуманитарлық медициналық миссия аясындағы жұмысын аяқтап, елге оралды. Біз де осы сәттің куәсі болып, дәрігерлерді қарсы алуға Астана халықаралық әуежайына бардық. Олимпиада чемпионының қарсы алғандай күйде болып, қуаныш деген қойынға сыймады. Алыс сапардан аман-есен оралған мамандарды, расымен де, нағыз батырларға теңегеніміз әбден жарасатындай.

МИССИЯДАН ОРАЛҒАН МЕЙІРБАНДАР



Айсұлу СЪЕЗХАН

Қазақстандық көпсалалы медициналық топ құрамына елдің жетекші медициналық орталықтарындағы тоғыз білікті дәрігер енген, олардың қатарында травматология және ортопедия, кардиология, педиатрия, хирургия, урология, пульмонология және эпидемиология салаларының маманы бар. Олар Ауғанстан еліндегі «Қазақстан медицинасы күндері» аясында бір апта халыққа практикалық медициналық көмек беріп, ауған әріптестеріне шеберлік сабағын өткізіп, бірлескен тексерулер мен консилиумдарға қатысты. Отандық мамандар жергілікті тұрғындарға консультациялар өткізіп, күрделі хирургиялық операцияларды да жүргізді. Медициналық топ ауыр жаракат салдары мен тірек-қимыл аппаратының туа біткен деформациялары бар пациенттерге айрықша көңіл бөлуге тырысты.

Ауғанстан халқына медициналық көмек берген топ құрамында Н.Батпенев атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының мамандары да бар. Біз директордың клиникалық жұмыс жөніндегі орынбасары, травматолог Серік Балғазаровтан жұмыс процесі жайында ақпарат алуға тырыстық.

— Дәрігерлеріміз Ауғанстанға екінші мәрте барып отыр. Алғаш рет 2025 жылы қараша айында болдық. Сол себепті де ауған дәрігерлерімен қарым-қатынасымыз жақсы, қандай медициналық құралдардың қажет екенін де біліп, барлық жағдайға дайындалып, ерте қамдандық. Өз ауру-

Сонымен қатар сапар аясында Қазақстаннан Ауғанстанға гуманитарлық көмек те жеткізілді. Дәрі-дәрмектің бір бөлігі әуе көлігі арқылы жетсе, гуманитарлық жүктің негізгі бөлігі 8 вагонмен теміржол арқылы Балх провинциясындағы Хайратон станциясына жеткізілген. Бұл істі Сыртқы істер, Төтенше жағдайлар, Денсаулық сақтау және Көлік министрліктері бірлесіп ұйымдастырды. Гуманитарлық жүктің жалпы салмағы 310 тоннадан асады. Оның құрамына 1,867 тонна дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар, 300 тонна қант, 100 жазғы шатыр, төсек-орын жабдықтары және басқа да бірінші кезектегі қажетті заттар кіреді.

Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының уролог дәрігері Рустам Салимов бұл сапардың өзгелерден өзгереді екенін айтты.

— Бұл — Ауғанстан еліне екінші сапарым. Ұлттық травматология орталығының директоры Олжас Сапарғалиұлының бас-тамасымен алғаш рет Ауғанстанға аттанған дәрігерлер тобында да болғанмын. Біз көптеген науқасқа шұғыл түрде көмек бердік, ақаулықтарын емдеуге атсалыдық. Дәрігерлер тобында жалғыз уролог болғандықтан, бір өзім 10-нан аса операция жүргіздім. Осы сапардың уақыты қысқа болды, бізге барынша шұғыл әрекет ету керек болды. Былтыр тек дәрігерлер тобын жіберсе, биыл үлкен бір делегация құрамындамыз, мұның өзі — үлкен мәртебе, — дейді тәжірибелі маман.

«Қазақстан медицина күндері» жобасы жыл сайын әртүрлі елде жүйелі түрде ұйым-



ханамыздан керек-жарактарды алып барып, кейін оларға сыйлық ретінде қалдырып кеттік. Осы жолы орталығымыздан 4 травматолог делегация құрамында болды. Тәжірибемізді қолданып, ауған дәрігерлерімен қоян-қолтық жұмыс атқардық, — дейді С.Балғазаров.

Ауғанстанға сыйға берілген медициналық құралдардың ішінде Илизаров аппаратының жиынтығы да бар. Бұл — дүние-жүзіне танымал құралдардың бірі. Аппарат сүйек бұзылыстарында, әсіресе ок-дәрінің әсерінен болған ақаулықтарда, сүйектің сынуы, шіруі кезінде, қалпына келтіруге көп көмегі тиеді екен. Дәрігерлер тобы алда да ауған елімен байланыста болып, аппараттың жұмысына байланысты нұсқаулықтар бермек ниетте.

Дәрігерлер бұл сапарда Akbar Ali Khan клиникасында болған. Маманның айтуынша, медициналық топ күніне 120-дан аса пациентке көмек беріп, тиісінше отаға дайындаған, тіпті демалыс күндері де ота жасаған.

— Клиникада таңғы сегізден боламыз, түскен науқастарды қабылдап, операцияға дайындаймыз. Көбіне қару-жарақ, жарылыстың әсерінен болған жаракаттардың асқынған түрлері кездесті, тіпті 3-4 жылдан бері ауырып жүрген адамдар да қабылдауымызға келді, шұғыл түрде келген науқастарға да операция жасалдық. Бірінші күннен елге қайтқанға дейін операция залынан шыққан жоқпыз. Оларда бейсенбі, жұма күндері демалыс, соған қарамастан өтініп сұрап, жұмыстарымызды түгел аяқтап кетуге тырыстық. Травматологияны жеке қарастықсақ, 20-дай операция жасап үлгердік, — дейді дәрігер.

дастырылып келеді. Былтыр Ұлттық травматология орталығының мамандары Өзбекстан халқына да көмек көрсетіп қайтқан. Жобаның маңызы жайында орталық директоры Олжас Сапарғалиұлынан сұрап білдік.

— Былтыр Өзбекстан еліне барып қайттық. Бір топ дәрігер шетелдік әріптестерге тәжірибесін бөлісіп, науқастарды емдеп, жаңа технологиямызды көрсеттік. Жобаның бірнеше мақсаты бар. Біріншіден, әріптестеріміз тәжірибесін бөліссе, екіншіден, еліміздің медициналық туризмін дамыту үшін қажет. Біз өткен жылы ауған еліне барып, халықтың жағдайы өте ауыр екенін көріп қайттық. Қаншама адам медициналық көмекке мұқтаж. Ауғанстанның медициналық жүйесі толық қалыптаспаған, мүмкіндіктері қолжетімсіз, сол себепті қарапайым халыққа көмек қолын созуды мақсатымыз деп білдік, — дейді орталық басшысы.

Аталмыш медициналық миссия денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға бағытталып отыр. Ал БҰҰ дерегі бойынша, бүгінде ауғандықтардың 45 миллион тұрғынынан 30 миллионға жуығы гуманитарлық көмекке мұқтаж. 5 жасқа дейінгі 1,3 миллионға жуық бала дұрыс тамақтанбау салдарынан емге зәру болып отыр.

Қазақстан — Орталық Азия елдері арасындағы Ауғанстанға гуманитарлық көмектің ірі жеткізушісі. 2025 жылы еліміздің Ауғанстандағы алғашқы гуманитарлық миссиясы аясында 13 дәрігер он күн ішінде 44 ота жасап, жүзден аса пациентке медициналық көмек берген еді.

ДАМУ

9 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

Шығыс Қазақстанның ең көрікті әрі табиғаты қайталанбас өңірлерінің бірі – Марқакөл ауданы бүгінде жаңа даму кезеңіне қадам басты. Мемлекет жүргізіп отырған өңірлік саясаттың басты мақсаты – шалғай ауылдардың әлеуетін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және жергілікті экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету болса, Марқакөл ауданында осы міндеттерді жүзеге асыру бағытында нақты жұмыстар атқарылуда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевінін халыққа арнаған Жолдауында экономиканы әртараптандыру, цифрлық өзгерістерді жеделдету, инвестиция тарту, ауыл шаруашылығын дамыту және халықтың әл-ауқатын арттыру мәселелерін мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтары ретінде айқындаған болатын. Бұл міндеттер Марқакөл ауданында да жүйелі түрде іске асырылып келеді.

Бүгінде ауданның дамуы бір ғана бағытпен шектелмейді. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, туризм, инфрақұрылым, әлеуметтік сала – осының барлығы өзара сабақтасып, өңірдің тұрақты дамуына негіз қалыптастыруда. Жаңадан құрылған аудан болғанына қарамастан, қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылған жұмыстар оның болашағына деген сенімді күшейтіп отыр.

ЖАНҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ АУДАН

Аудан құрамына бес ауылдық округ пен 23 елді мекен кіреді. Оның ішінде 17 ауыл мемлекеттік шекарадан 50 шақырымдық белдеуде орналасқан. 2026 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері оң нәтижелерге жетті. Мысалы, өнеркәсіп өнімінің көлемі 7,3 миллиард тенгеге барып, нақты көлем индексі 140,5 пайызды құрады. Әсіресе тау-кен өнеркәсібінде жоғары өсім байқалып, өндіріс көлемі 4 миллиард тенгеге жетсе, нақты көлем индексі 160,1 пайыз болды. Бұл өңірдегі өндірістік әлеуеттің артып келе жатқанын және инвестициялық белсенділіктің күшейгенін көрсетеді.

Өндеу өнеркәсібінде де оң өзгерістер жалғасуда. Саладағы өндіріс көлемі 2,9 миллиард тенгені құрады. Бұл жергілікті шикізатты өндеу үлесінің біртіндеп ұлғайып келе жатқанын білдіреді. Алдағы жылдары өндеу өнеркәсібін дамыту аудан экономикасының басты бағыттарының бірі болып қала береді.

Экономиканың негізгі тірегі саналатын ауыл шаруашылығы да тұрақты өсім көрсетіп отыр. Жалпы, ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15 пайызға өсіп, 2,9 миллиард тенгеге жетті. Бұл көрсеткіш шаруалардың еңбегі мен мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін дәлелдейді.

Инвестициялық белсенділік те артып келеді. Биылғы бес айдың өзінде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 365,1 миллион тенгені құрады. Бұл қаражаттың басым бөлігі өндірісті жаңғыртуға, кәсіпкерлікті дамытуға және жаңа жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Қазір аудан аумағында 552 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш жергілікті кәсіпкерлердің экономиканы дамытудағы рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдау арқылы кәсіпкерлік саласы жаңа серпіні алып, ауыл тұрғындарының табысын арттыруға ықпал етуде.

Кейінгі жылдары ауданның дамуында ең маңызды ерекшеліктің бірі – барлық саладағы жұмыстардың кешенді түрде жүргізілуі. Бұрын жеке-жеке қарастырылып келген мәселелер бүгінде біртұтас даму стратегиясының құрамдас бөлігіне айналған. Экономиканы дамыту әлеуметтік инфрақұрылымды жанартумен қатар жүзеге асырылып, туризм жол салу және абағтандыру жұмыстарымен қатар өрістеуде.

Марқакөлдің табиғаты – оның ең үлкен байлығы. Биік Алтайдың баурайында орналасқан көл, қалың орман, саф ауа мен қайталанбас ландшафт жыл сайын мыңдаған туристің қызығушылығын тудырады. Сондықтан ауданның болашақ дамуы табиғатты сақтай отырып, экологиялық туризмді өркендетумен де тығыз байланысты.

Сонымен бірге ауданның дамуы ең алдымен еңбек адамдарының еңбегімен өлшенеді. Мал шаруашылығын өркендетіп отырған шаруалар, кәсіп ашып жатқан жастар, әлеуметтік нысандарда қызмет ететін мамандар, мектеп пен аурухана қызметкерлері – барлығы да өңірдің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау шаралары осы еңбектің нәтижелі болуына мүмкіндік жасап отыр.

Марқакөл ауданы туралы сөз болғанда ең алдымен ойға оралатын сала – ауыл шаруашылығы. Бұл – ғасырлар бойы өңір тұрғындарының негізгі кәсібіне айналған, атадан балаға жалғасқан еңбек мектебі. Кең жайылымы, шұрайлы шабындығы, табиғи ерекшелігі мал өсіруге қолайлы бұл өлке бүгінде де аграрлық бағыттағы аудан ретінде өзінің әлеуетін толық сақтап отыр. Аудан экономикасының негізгі үлесі дәл осы ауыл шаруашылығы саласына тиесілі.

Жер – ауылдың ең басты байлығы. Сондықтан оны тиімді пайдалану мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі саналады. Осы мақсатта пайдаланыл-

май жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

2026 жылға жоспарланған 4 500 гектар жерді қайтару жоспарының алғашқы жартыжылдығында-ақ 3 435 гектары мемлекетке қайтарылды. Бұл жоспардың 76 пайыздан астамының орындалғанын көрсетеді. Жер қатынастары саласындағы тәртіп ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына негіз болады.

Көктемгі дала жұмыстары аудан бойынша ұйымдасқан түрде жүргізілді. Ауа райының ерекшеліктеріне қарамастан, шаруалар белгіленген агротехникалық мерзімдерді сақтап, барлық негізгі жұмыстарды уақытында аяқтады.

Марқакөлдің басты байлығы – төрт түлік. Табиғаты мал өсіруге қолайлы өңірде бүгінде барлық шаруашылық санаттары бойынша ірі қара саны 40 мың бастан асады. Ұсақ мал саны 64 мыңнан артық болса, жылқы саны 24 мыңнан асып отыр. Сонымен қатар құс шаруашылығы да біртіндеп дамып келеді.

Бұл көрсеткіштер ауданның мал шаруашылығы бағытындағы әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейді. Әсіресе ет және сүт өндірісін ұлғайту, асылтұқымды мал басын көбейту, өнімнің сапасын жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мал басының көбеюімен бірге ветеринариялық қауіпсіздік мәселесі де ерекше назарда тұр. Мемлекеттік бағдарламалар аясында профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары тұрақты жүргізілуде.



Сонымен қатар фитосанитариялық қауіпсіздік те назардан тыс қалған жоқ. Республикалық әдістемелік орталықтың мәліметіне сәйкес, аудан аумағында зиянкестер мен өсімдік ауруларының алдын алу мақсатында кең көлемді өндеу жұмыстары жүргізілді.

Суармалы егіншіліктің тиімділігі көбіне ирригациялық жүйелердің жағдайына байланысты. Осыған байланысты ауданда су арналары кезең-кезеңімен тазартылып келеді. «Қазсушар» мекемесінің төңіріндегі магистралды каналдардың бірнешеуі тазартылып, олардың су өткізу мүмкіндігі қалпына келтірілді. Мұндай жұмыстар көктемгі және жазғы маусымда су тапшылығының алдын алып, шаруалардың еңбегін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Бүгінде Марқакөл ауданында 337 шаруа қожалығы мен 27 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі жұмыс істейді. Бұл ауыл кәсіпкерлерінің жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын және ауыл экономикасының нығайып отырғанын көрсетеді.

Мемлекеттік қолдау ауыл еңбеккерлеріне жаңа мүмкіндік ашуда. Жыл басынан бері лизингтік бағдарламалар арқылы жеті шаруа қожалығы жалпы құны 130 миллион тенгеден асатын жеті бірлік жаңа ауыл шаруашылығын дамыту тек экономикалық көрсеткіштерді жақсартумен шектелмейді. Бұл – ауылдағы халықтың әл-ауқатын арттыру, жастардың туған жерде тұрақ-



бірқатар жұмыс атқарылды. Қалған қаражатты игеру биылғы жылға жоспарланған.

Туризмнің табысты болуы ең алдымен жолдың сапасына байланысты. Жол бар жерде қатынас бар, қатынас бар жерде кәсіп дамиды. Сондықтан аудан жолдарын жөндеу және жаңғырту мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Марқакөл ауданындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 393 шақырымды құрайды. Оның 77 шақырымы республикалық, 146 шақырымы облыстық және 170 шақырымы аудандық маңызды бар жолдар. Бұл жолдар тек ауылдарды бір-бірімен байланыстырып қана қоймай, шекаралық өңірдің әлеуметтік және экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды инфрақұрылым саналады.

Аудан жолдарын кезең-кезеңімен жаңғырту алдағы жылдары да жалғасады. Қазір

ғырту жобасы дайындалып, оған оң қорытынды алынды. Жалпы құны бірнеше миллиард тенгені құрайтын бұл жоба жүзеге асқанда жылуден қамтамасыз ету сапасы айтарлықтай жақсаралы. Осы өзгерістің барлығы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Кез келген өңірдің дамуы экономикалық көрсеткіштермен ғана бағаланбайды. Халықтың денсаулығы, білім сапасы, мәдениеті, спортпен айналысу мүмкіндігі, өмір сүруге қолайлы ортасы – мұның барлығы қоғамның әл-ауқатын айқындайтын маңызды көрсеткіштер. Осы тұрғыдан алғанда Марқакөл ауданында әлеуметтік саланы дамытуға ерекше назар аударылып келеді.

«Қуатты өңір – қуатты мемлекет» қағидаты ең алдымен ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттырудан басталады. Сондықтан кейінгі жылдары ауданда әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған кешенді жұмыстар жүзеге асырылуда. Ең алдымен денсаулық сақтау саласында оң өзгерістер байқалады. Бүгінде аудан тұрғындарына бір аудандық аурухана, үш дәрігерлік амбулатория және 16 медициналық пункт қызмет көрсетеді.

Ауылдық жердегі медициналық көмектің қолжетімділігі – халықтың өмір сүру сапасын арттырудың басты шарттарының бірі. Осы бағытта материалдық-техникалық базаны нығайту, мамандармен қамтамасыз ету және медициналық қызметтің сапасын көтеру бойынша жүйелі жұмыстар жалғасуда. Қазір аудандағы денсаулық сақтау ұйымдарының жабықталу деңгейі 84 пайызға жетті. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді.

Білім беру саласы да өңір дамуының негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Марқакөл ауданында бүгінде 19 мектеп, бір балабақша және бір шығармашылық үйі жұмыс істейді. Бұл білім беру ұйымдары ауыл балаларының сапалы білім алып, жан-жақты дамуына мүмкіндік жасап отыр.

Қазір білім беру цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Сондықтан интернет желісінің сапасын арттыру ауыл мектептерінің мүмкіндігін кеңейтіп, оқушылардың әлемдік білім ресурстарына қол жеткізуіне көмектеседі. Биыл аудандағы бірқатар білім беру мекемесіне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар оффтейк келісімшарттары аясында Тосқайын мен Қайнарлы ауылдарында жаңа оқу-әкімшілік орталықтарының құрылысы іске асырылып жатыр.

Ауданда мәдениет үйлері, ауылдық клубтар мен кітапханалар халыққа тұрақты қызмет көрсетуде. Бұл мекемелер ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға, мәдени өмірдің жандануына ықпал етеді.

Спорт саласында да оң өзгерістер аз емес. Ауданда стадиондар, спорт залдары, хоккей алаңдары, балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт алаңдары халық игілігіне қызмет етуде. Инфрақұрылыммен қамту деңгейінің жоғары болуы тұрғындардың бұқаралық спортпен айналысуына мүмкіндік береді.

Өңірдің мәдени брендингін қалыптастыруда бұқаралық іс-шаралардың да маңызы зор. Биыл аудан аумағында «Марқакөл – Шығыстың маржаны» мәдени өкілдіктерінің қолдауымен «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аудан көлемінде ағаш көшеттері отырғызылып, қоршаған ортаны қорғауға арналған көптеген экологиялық акция өткізілуде.

Бүгінгі Марқакөл – өзгерістер жолына түскен аудан. Экономикасы тұрақты өсіп келе жатқан, ауыл шаруашылығы дамып жатқан, инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, туризмге тың серпін берілген, әлеуметтік инфрақұрылымы жаңарып жатқан өңір. Әрбір саланың дамуында нақты нәтижелер бар. Мемлекеттік қолдау, халықтың ауызбіршілігі және жүйелі жоспарланған жұмыстардың нәтижесінде аудан алдағы жылдары да өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақты жалғастырып, Шығыс Қазақстанның қарқынды дамып келе жатқан өңірлерінің біріне айналары сөзсіз.

Марқакөл ауданының бүгінгі даму қарқыны – ең алдымен мемлекеттік қолдаудың, жергілікті атқарушы органдардың жүйелі жұмысының және аудан тұрғындарының белсенді еңбегінің нәтижесі. Бұл жұмыстарға Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі тарапынан ерекше назар аударылып келеді. Облыс әкімі Нұрмбет Сақтағанов жас ауданның қалыптасуы мен тұрақты дамуын маңызды басымдықтардың бірі ретінде қарастырып, Марқакөлдің әлеуетін толық пайдалану, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту және елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғырту бағытындағы бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетіп келеді.

Алдағы уақытта да ауданның экономикалық қуатын арттыру, ауылдық аумақтарды дамыту, инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейту және халықтың әл-ауқатын көтеру бағытындағы жұмыстар жалғасады. Себебі Марқакөлдің өркендеуі – тек бір ауданның жетістігі емес, бүкіл Шығыс Қазақстанның тұрақты дамуына қосылған маңызды үлес.

М.ТӨЛЕУ



тауына жағдай жасау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ұлттық дәстүрлі кәсіпті сақтау деген сөз.

КӨРКЕМ ТАБИҒАТ – ТАБЫС КІЛТІ

Экономиканың аграрлық әлеуетімен қатар Марқакөлдің тағы бір үлкен мүмкіндігі – табиғаты мен туристік тартымдылығы. Соңғы жылдары ауданның бұл саладағы әлеуетін тиімді пайдалану бағытында да ауқымды жобалар қолға алынууда.

Марқакөл десе, ең алдымен көз алдымызға тұмса табиғат, көгілдір көл, қалың орман мен асқар Алтайдың көркем келбеті келеді. Бұл өлке – тек шығыс өңірінің ғана емес, бүкіл Қазақстанның табиғи інжу-маржандарының бірі. Сондықтан кейінгі



жылдары аудан экономикасын әртараптандыру барысында туризм саласына ерекше басымдық беріліп отыр.

Марқакөл ауданында туризмді дамыту мемлекеттік бағдарламалармен қатар жеке инвестициялар арқылы да қарқын алып келеді. Әсіресе көл жағасындағы Урунхайқа ауылы бүгінде экологиялық туризмнің орталығына айналуға бет бұрды.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 61 миллион тенгені құрайтын екі жоба мақұлданды. Оның бірі – Урунхайқа ауылында кішігірім қонақүй салуға бағытталған «Марқакөл Экоплаза» жобасы болса, екіншісі – «Хадия» өндірістік кооперативінің демалыс базасын салу бастамасы.

Туризмнің дамуына жеке инвесторлардың қызығушылығы да жылдан-жылға артып келеді. Соның жарқын мысалы – Markakol Lodge жобасы. Жеке қаражат есебінен Урунхайқа ауылында алты заманауи глэмпинг үйі салынды. Бұл бастамалар ауданның туристік әлеуетінің жоғары екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Ең бастысы – табиғатты сақтау мен туризмді дамыту қатар жүргізілуде.

Урунхайқа ауылының «Шығыс Қазақстан облысының үздік рекреациялық туристік аймағы» байқауында жеңімпаз атануы да өңір үшін үлкен жетістік болды. Осы жетістің нәтижесінде ауыл инфрақұрылымын дамытуға 200 миллион тенге көлемінде қаржы бөлінді. Былтыр оның алғашқы 100 миллион тенгесі игеріліп,

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – ӨНІРДІҢ ІРГЕТАСЫ

Халықты баспанамен қамтамасыз ету – мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта Марқакөл ауданында тұрғын үй құрылысы қарқын алып келеді.

«Бір қабатты Шығыс» бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік жағынан осал азаматтарға арналған 12 жеке тұрғын үй, яғни 24 пәтер салынууда.

Құрылыс жұмыстары белгіленген мерзімде басталып, инженерлік-коммуникациялық желілерді толық жеткізу бойынша мердігер ұйымдармен арнайы келісімдер жасалды. Жоспар бойынша тұрғын үйлер



пайдалануға берілгеннен кейін олар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға үлестіріледі. Бүгінде аудан бойынша тұрғын үй кезегінде оңдаған отбасы тұр. Сондықтан жаңа баспаналардың салынуы көптеген отбасы үшін маңызды әлеуметтік қолдау болмақ.

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер мен әлеуметтік осал топтағы азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Марқакөл ауылында оффтейк келісімшарттары негізінде отыз пәтерлі үш қабатты тұрғын үй салу жоспарланып отыр. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да қатар жүргізілуде. Әсіресе жылуден қамту жүйесін жаңғырту алдағы жылдардың басты жобаларының бірі болып отыр.

Қазір аудан орталығындағы орталықтандырылған жылу жүйесі «Теректі» коммунальдық мекемесінің қазандығы арқылы жұмыс істейді. Дегенмен ауданның даму қарқыны жаңа инженерлік шешімдерді қажет етеді. Сондықтан Марқакөл ауылында қуаттылығы алты гигакалория болатын жаңа орталық қазандық пен ұзындығы он екі шақырымға жуық жылу желілерін салу жобасы әзірленуде.

Сонымен бірге аудан орталығының қолданыстағы жылу желілерін толық жаң-

СЕРПІН

9 ШІЛДЕ 2026 | БЕЙСЕНБІ

БОЗЖЫРА – ИТАЛИЯЛЫҚТАРДЫ
ТАҢЫРҚАТҚАН ТӨР



Жаз басталысымен туристік маусым тақырыбы алдыңғы қатарға шығады. Елімізде осы сала сөз болғанда көп айтылып жүрген Маңғыстау облысындағы Бозжыра шатқалы алдымен ойға оралады. Талай тартыс әңгімеге арқау болған көрікті табиғат бүгінде нағыз туристік нысанға айналып келеді. Оны тамашалауға келетіндер қарасы да көбейген. Тек оны танымал орынға айналдыру үшін әлі біраз шаруаның басын қайыру керек.

Облыс әкімдігінің мәліметінше, қазір Маңғыстауға келетін туристер саны тұрақты өсіп келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес, 2026 жылғы қантар-наурыз айларында өңірге 67 793 адам саяхаттап келген, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2% (66 450 турист) болса да жоғары.

Келушілердің қарасы артқан сайын олардың сұранысы да көбейген. Соны қамтамасыз ету мақсатында өңірде туристік индустрия қарқынды дами бастаған. Бүгінде облыста 22 туроператор қызмет көрсетіп, табиғи, тарихи және мәдени нысандарды қамтитын 248 турбағыт әзірленген. Бұл Маңғыстаудың бірегей туристік әлеуетін тиімді таныстырып, өңірдің ішкі және халықаралық нарықтағы тартымдылығын арттыруға мүмкіндік бермек.

Соның ішінде басты тақырып — биыл Бозжыра визит-орталығы ашылған еді. Ол мамырда техникалық режимде жұмыс істей бастады. Әзірге күніне 45-50 саяхатшыны қабылдап, оларға сапалы сервис ұсынып, өңірдің туристік инфрақұрылымын дамытуға үлес қосты.

Дегенмен оның туристік ағынға нақты әсерін бағалауға әлі ерте, себебі ресми ашылуы 2026 жылдың шілде-тамыз айларына жоспарланған. Соған қарамастан, оның іске қосылуы Бозжыра бағытының туристік тартымдылығын арттырып, келушілерге көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға, сондай-ақ Маңғыстау облысының туристік имиджін нығайтуға және өңірдің халықаралық деңгейде танымал болуына ықпал етері сөзсіз.

Жергілікті турагенттік өкілдерінің айтуынша, Маңғыстау табиғатына тамсанып келетіндер үшін Бозжыраның орны ерекше. Дегенмен Торыш жазығын, Көкала, Шеркала, Айрақты, Бозжыра мен Қызылқұп, Бокты шатқалдарын және Тұзбайыр сорын да қалдырғысы келмейді. Ол үшін үш күндік сапар таңдау қажет болады. Егер бір күнге

ғана жолға шыкса, онда әлбетте, Бозжыраны тандайды. Бір аптаға дейін аралап шыкса да, сонында Бозжыраға тоқтайды.

«Туристер өте көп келіп жатыр, әсіресе соңғы 10 жылда жиіледі. Көбі Италиядан. Жапония, Қытай, Германиядан да келіп жатқандар бар. Бір қызығы, олар қалаға соқпайды. Кешке ұшақтан түсіп орныққан соң таңертең сапарға шығып кетеді. Қайтарда да солай, қалада бір күн тұрақтамайды. Тіпті сапардан оралғанда қалаға соқпай, әуежайға тура тартатындары да бар», — дейді Mangystau Overland туристік агенттігінің менеджер-консультанты Александра Новикова (тегі өзгертілді).

Оның айтуынша, туристік маусым сәуірге қарай басталып, қазанға дейін жалғасады. Одан әрі суытып кетеді. Көптеген турагенттік, жүргізушілер шілдеде демалысқа шығады. Өйткені ол уақытта өңірде күн өте ыстық. Ертерек хабарласып, брондаушыларға да бұл ескертіліп, шілде қолайсыз уақыт екені айтылып отырады.

Басқа уақыттарда саяхаттап келетіндер үшін жолда этноауыл бар. Ондағы киіз үйлерде кондиционер орнатылған, емин-еркін түнеп, жуынып-шайынып алуға болады. Ен далада аптап ыстықта судың орны қатты сезіледі. Сосын жанында кафеден тамактанып шығады. Үш күндік сапарға шыққандар осы этноауылға кемі бір түнейді. Тек жолдың қиындығы қинайтынын айтады.

«Туристер баратын мұндай орындарға әлі жол түспеген. Сондықтан біраз уақыттан соң көлік асфальттан кара жолға түседі. Мұндай сәттерде джип өте қолайлы. Сол үшін біз туристермен барарда қажетті ұсақ-түйекпен бірге шатырлар, маркиздер және үлкен көлемде су алып жүреміз, джипімізде осының бәрі қамтылған», — дейді Александра.

Айта кетерлігі, Бозжырадан бөлек, тағы бірнеше инвестициялық жоба көзделіп отыр. Әсіресе сол визит орталықтың

инфрақұрылымын жетілдіру көп сөз болған. Бұл жұмыстар жалғасын тапты. Мысалы, Бозжыраның жоғарғы шолу алаңына дейінгі 14,9 шақырым автожолдың құрылысы жүріп жатыр. Енді туристер үшін ғаламат пейзажға жету де осылай жеңілдей түспек. Одан өзге, тағы бір визит-орталық пен этнокофехана жобасы қолға алынған. Бұл жобалар да туристер үшін қолайлы жағдай жасап, сервисті жақсартуға және өңірдің туристік тартымдылығын күшейтуге бағытталған. Жалпы, облыс аумағында 30 туристік орын жоба ретінде қарастырылып жатқаны да белгілі. Оларды әкімдік әлеуеті жоғары ТОП-30 туристік локация деп айқындап қойған. Бұл тізімге өңірдің табиғи, тарихи және мәдени нысандары енгізілген. Аталған орындарда инфрақұрылымды кезең-кезеңімен дамыту жұмыстары басталып кетті.

Әйтсе де, барлық 30 туристік нысанда визит-орталық салу жөнінде бекітілген жоспар жоқ. Мұндай инфрақұрылым нысандарын салу жағы туристік ағын, инженерлік желілердің дайындығы және инвестициялық мүмкіндіктер ескеріле отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылмақ.

Инфрақұрылым демекші, Кендірлі әуежайының іске қосылуы өңірдің туристік әлеуетін арттырады сөзсіз. Бұл — туристік әлеуетті жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық жобалардың бірі. Ең бастысы, ол Кендірлі курорттық аймағының көлік қолжетімділігін едәуір жақсартып, Қазақстанның өзге өңірлерінен және шетелден келетін туристер үшін қолайлы жағдай қалыптастырады.

Әуежайдың пайдалануға берілуі Кендірлі халықаралық деңгейдегі заманауи курорттық аймақ ретінде дамытуға тың серпін береді. Бұл жаңа инвестициялық жобаларды тартуға, туристік инфрақұрылым мен сервистің сапасын арттыруға, туристер ағынын ұлғайтуға, өңір экономикасының дамуына және басқа да салаларда имиджін нығайтуға ықпал етпек.

Осы орайда жерасты мешіттерін ЮНЕСКО қарамағына өткізу шаралары да ерекше атап өтерлік жаңалық. Қазір Маңғыстаудағы Бекет ата (Оғыланды), Қараман ата, Шаппақ ата, Шопан ата және Сұлтан үні жерасты мешіттерін «Маңғыстау түбегінің жартаст мешіттері» атауымен ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жүріп жатыр.

Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан ғылыми-жобалық құжаттама әзірленіп, ұсыныстар ЮНЕСКО-ның Париж қаласындағы штаб-пәтеріне жолданды. Сонымен қатар нысандар бойынша ағылшын тіліндегі фотоальбом, ақпараттық брошюра және таныстырылым бейнематериалдары бар. Былтыр қыркүйекте сол нысандарға ИКОМОС-тың техникалық бағалау миссиясы келіп, тиісті бағалау жұмыстарын жүргізді. Енді бұл номинация 2026 жылдың шілдесінде Пусан қаласында өтетін ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұра комитетінің 48-сессиясында қаралады.

Бекбол АМАНГЕЛДІ

ДРОППЕРЛІК
ДАБЫЛ ҚАҚТЫРДЫ

Қарағанды облысының тұрғындары жыл басынан бері интернет алаяқтарға алданып, 2 миллиард теңгеге жуық қаржысынан айырылды. Мұндай қылмыстардың жалпы саны азайғанымен, полицейлер алаяқтықтың жаңа түрі – дропперлік фактілерінің көбейіп жатқанын айтады.



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Қаскөйлер дропперлердің банк карталары мен есепшоттарын ұрланған қаражатты айналымнан шығару үшін пайдаланады. Азаматтар дропперлер қолданатын алаяқтық схеманың құрбанына қалай айналғанын байқамай да қалуы мүмкін. Мәселен, есепшотыңызға интернет аламынан ақша түсіп, кейін оны басқа реквизитке қайтаруды сұраса, бұл өтінішті орындау арқылы жазықсыз адам қылмыстық әрекеттің қатысушысына айналып, зан алдында жауап береді.

— Жыл басынан бері облысымыздың аумағында дропперлерге қатысты 44 факт тіркелген. Әздерінің банк картасының есепшоттарын үшінші тұлғаға бергені үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Мұнда 160 айлық есептік көрсеткішпен қоса 7 жыл бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу көзделген. Жыл басынан бері Қарағанды облысында интернет алаяқтыққа қатысты 762 дерек тіркелді. Алаяқтар әдетте банк қызметкері, құқық қорғау органы, медицина мекемесі немесе курьерлік қызмет өкілі ретінде хабарласады. Осындай тәсілмен жасалған 324 қылмыс анықталып отыр. Тағы 314 тұрғын жылдам табыс пен инвестициядан мол пайда табуға болады деген жалған уәдеге сеніп, қаржысынан айырылған, — дейді облыстық ПД Ерекше маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі Дінмұхамед Зияда.

Солардың бірі — 15 миллион теңгесінен айырылған Әлібек деген азамат. — Маған белгісіз адамдар хабарласып,

Жыл басынан бері
Қарағанды қаласында
интернет алаяқтық
бойынша 300-ден
астам дерек
тіркелген.

атымнан несие рәсімдеуге әрекет жасалып жатқанын айтты. Қатты абдырап қалдым. Олар мұндай әрекетті тоқтату үшін белгілі бір сомда ақша салу қажет екенін айтып, психологиялық қысым көрсетті. Соның салдарынан екі банктен несие рәсімдеп, ақшаны алаяқтардың айтқан есепшоттарына аударып жібердім, — дейді алаяқтардың құрбаны болған Әлібек.

Жыл басынан бері Қарағанды қаласында интернет алаяқтық бойынша 300-ден астам дерек тіркелген. Кибер-қылмысқа қарсы күрес аясында жедел-іздістіру шаралары да күшейтілген. Полиция мәліметінше, бүгінде күмәнді нөмірлерді анықтап, бұғаттаумен айналысатын арнайы call-орталық тәулік бойы жұмыс істейді. Жүйе күн сайын шамамен 3 мың күмәнді қоңырауды тіркейді. Оның ішінде орта есеппен 2 800 қоңырау алаяқтық әрекет ретінде анықталып, жедел түрде бұғатталады.

АРҚАЛЫҚТА ӘУЕЛЕГЕН КҮЙ

Ұлттық құндылық – қашанда ұмытылмауға тиіс рухани байлық. Осы тұрғыдан алғанда биылғы Ұлттық домбыра күнін Арқалық қаласының жұрты кең көлемде атап өтті. Мерекелік іс-шаралар бір емес, екі күнге созылды. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған іс-шаралар ұлттық өнердің мәртебесін айшықтады десек, артық айтқанымыз емес. Бағдарламаға қала тұрғындары, өңір қонақтары, өнер ұжымдары мен жас орындаушылар қатысып, қазақтың дәстүрлі музыка өнері кеңінен насихатталды.

Мереке аясында «Тобыл — Торғай» күйшілерінің күй тартысы, «Қорқыт» этнофольклорлық ансамблінің, «Ақжелен» ұлт аспаптар ансамблінің концерттері, белгілі күйші Анар Мұздаханованың шығармашылық кеші, түрлі мәдени кездесу мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырылды.

Мерекенің шарықтау шегі — 1000 домбырашы мен 26 қобызшының бір мезетте өнер көрсетуі болды. Қазақтың халық күйлері орындалған ерекше композиция ұлттық рухты асқататын, көрерменнің зор ықыласына бөленді.

Салтанатты іс-шара барысында қала тұрғындары мен қонақтарын Ұлттық домбыра күнімен Қостанай облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Нарымбетов құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында: «Домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнерімізді төрге оздырамыз» деп атап өтті. Ата-бабамыздың мәдени мұрасын



Мұрат ЖҮНІСҚЫЛЫ (фото)

көздің қарашығындай сақтау — нағыз отаншылдықтың көрінісі. Президенттің Торғай өңірінің дамуына қатысты берген тапсырмасына сәйкес бүгінде Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың бастамасымен Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді», — деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ ол домбыраның ұлттың рухани болмысын айқындайтын қасиетті мұра екенін атап өтіп, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды бағыты екенін жеткізді.

Мерекеге алыс-жақыннан келген қонақтар да белсенді қатысты. Олардың қатарында шетелдік туристер де болып, қазақтың күй өнері мен домбыраның қоңыр үніне жоғары бағасын берді.

Іс-шара барысында ұлттық өнерді дамытуға және домбыра мәдениетін

насихаттауға үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет көрсетіліп, қала әкімінің алғысхаттары мен сый-сияпаттары табысталды.

Мерекелік шаралар мұнымен толастаған жоқ. Қала жұрты орталық «Наурыз» алаңында «Күй күдіреті — домбыра мен қобыз» атты мерекелік іс-шараны тамашалады. Шаһар домбырашылары мен халықтық ұлт-аспаптар оркестрі сахнаға жайғасып, түрлі күй ойнады.

Ұлттық домбыра күніне арналған мерекелік бағдарлама еліміздің өнер майталмандары қатысқан «Жаса, жайна Арқалығым!» атты гала концертпен қорытындыланды. Арқалықтағы кең көлемді мереке халқымыздың төл өнерін ұлықтап, ұлттық мәдениеттің өміршеңдігін және ұрпақтар сабақтастығын тағы бір мәрте айқын көрсетті.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (әрі қарай-Кәсіпорны) бос орынға орналастуға сұхбаттасу өтетінін жариялайды:

- Кәсіпорынның Қызылорда облыстық филиалының директоры;

Үміткерлер хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1) қоса берілген құжаттардың тізбесімен бірге сұхбаттасуға қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландырушы құжат-тың көшірмесі;

3) фотосымен бірге мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме (нақты тұратын мекенжайлары мен байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың нотариалды расталған көшірмелері;

5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;

Аталған құжаттардың біреуі болмай қалған жағдайда сұхбаттасуға қатысушының құжаттарын қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Үміткерлерге келесі біліктілік талаптары қойылады:

1) Мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім ветеринария (ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария);

2) Еңбек өтілі басқару лауазымында 5 жылдан кем емес;

3) Зертханалық менеджментті, ветеринариялық заңнамасын білуі;

4) Компьютерде және өзге де оргтехникалармен жұмыс істей білуі;

5) Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Құжаттарды қабылдау жұмыс күндері сағат 8:30-дан бастап 12:30-ға дейін және 13:30-дан бастап 17:30-ға дейін, Астана қ-сы, Республика даңғылы, 50/1, 5- қабат, 509 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады, байланыс телефоны, факс 8(7172) 91-61-24, 91-61-14, 91-61-13, эл.пошта: odo-rvl.ast-2025@mail.ru.

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: сумен жабдықтау және көріздендіру.

ҚР 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» заңының 25-бабы, 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындар мен ұйымдарды реттелетін қызметтерді тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға көрсету бойынша жыл сайынғы есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

Субъектінің атауы: «Астана су арнасы» МКК.

Есептік кезең: 2026 жылдың I жартыжылдығы.

Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны: 2026 жылғы 29 шілдеде, сағат 1500-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт залы және онлайн-конференция тәртіптемесі).

Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: сумен жабдықтау және көріздендіру.

Адам жанының қалтарысында қалған қорқыныш, тағдырындағы өкініш, күйзеліс не жалғыздық, қысқасы түрлі эмоцияның шырмауында жатқан тақырыптар күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылысқа айналды. Өйткені бұл бір адамның басындағы трагедия емес. Қоғамның осындай бейнесін өзіне айнытпай көрсетуге театр сахнасының қауқары жетеді. Астанадағы Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрының жаңа премьерасы дәл осындай өзекті мәселеге арналған.

БҰЛТАРЫСТАҒЫ БЕЙНЕ

«Тәуелді» деп аталатын қойылымның өзегінде түрлі тәуелділіктің құрсауында қалған адамдардың тағдыры жатыр. Екі күн қатарынан қойылған спектакль драматерапия жанрында ұсынылды. Ең әуелі драматерапия арт-терапияның бір түрі саналатынын айтайық. Осыдан спектакльдің қандай форматта өткенін түсіну қиын болмайды. Актерлік құрам көрермен алдында арт-терапияға қатысушылар рөлін сомдайды. Кейіпкерлер бір терапиялық кеңістікте бас қосып, өміріндегі ауыр оқиғаларын бөліседі. Олардың ішкі сырын ақтарған сәттері арқылы көрермен тәуелділіктің қарым-қатынасы, сенімді, ішкі тіректі, жақандармен байланысты да күйрететінін көреді. Қойылым сюжетінде әртүрлі кейіпкерлердің соның ішінде: лудомания, гейминг, нашакорлық тәуелділіктеріне тап болған жандардың өмірі жатыр. Сонымен қатар драматерапия элементтеріне негізделген мұндай толық форматтағы қойылым осыған дейін театр сахнасында кең көлемде сахналанбаған. Тағы бір ерекшелігі, «Тәуелді» камералық форматта сахнада өтті, яғни көрермен мен кейіпкердің арақашықтығы азайып, оқиғаны шынайы терапиялық сессия сынды сезінуге мүмкіндік туды.

Тәуелділік торына түскен үш жанның арасынан алаяқтық негізінде жұмыс істейтін компания басшысы Арман Сейітовтің жұмбақ өліміне қатысты қылмыскерді анықтау керек. Бір жағынан детектив жанрының да кішкентай элементтері байқалады. Қойылымдағы негізгі ойдың бірі — мәселені мойындау. Сол арқылы кейіпкер басынан өткен оқиғасын баяндап, қазіргі ахуалына қалай түскенін және оны түзеу үшін батыл шешімге баратынын көрермен көз алмай бақылап, тәуелділіктің сырт көзге көрінетін әрекеттен әлдеқайда тереңде жатқанын аңғарады. Үш күдіктінің бірі — Еркін. Кішкентайынан мектептегі балалардан буллинг көрген, әкесіз өскен кейіпкер. Оған виртуалды әлем қызық. Үнемі кінәні сырттан іздейтін, қоғамға бейімдемеген анасын, достаспаған балаларды ұдайы кінәлайтын жан. Зейнетке шыққан анасының тірнектеп жинағанын алаяқтар бір күнде қағып әкеткендіктен, геймингке айналды. Ол да жұрттың ақшасын солай оңай алуға бел буды. Тіпті анасын өлтіруге дейін барған. Сондықтан қылмысқа қатысы барлардың қатарына енді. Ал жеңілжүрісті, нашакор, оңай ақшаға тәнін саудалаған Назар жоқшылықта өскен қыз. Кішкентайынан көргені — әкесінің мас күйі. Арманы болса, бір дастарқан басында әке-шешесінің бірге отырып шай ішуі еді. Әкесінен көрмеген қамқорлықты сырттан іздейді, алғаш ғашығы болған Арман көзіне шөп салады. Осыдан Назар да күдікке ілінеді.



Алдыңғы кейіпкерлерге кереғар, таршылық көрмей өскен Еркін лудоманияның торына түсіп, әйелінің барлық әшекейін саудаға салған. Әйеліне зорлық көрсетуге дейін барған. Үйінен айырылғанда, алаяқтарға қарсы небір қитұрқы жоспарын да құрып, өзіне қол жұмсамақшы да болған. Еркін осындай әрекеттері арқылы күдікті деп айыпталды. Үш кейіпкерге де тән нәрсе, сұмдық жағдайға дейін жеткізген қате басқан қадамын ақырын түзеп, кінәсін мойындайды, кешірім сұрайды. Осы тұрғыда, қойылымның мақсаты тәуелділікті тек әлеуметтік мәселе ретінде ғана емес, жеке адамның ішкі психологиялық жарақаттарының салдары ретінде көрсету екенін айтуға болады.

Пьесаның авторы әрі қоюшы режиссері — Нұржігіт Мүсілім. Ол шығармашылық жолын театр актері ретінде бастап, кейінгі жылдары режиссер әрі драматург ретінде белсенді еңбек етіп келеді. Көрерменге ол өзі авторы әрі қоюшысы болған «Менің мұным» және «Есте сақта» спектакльдері арқылы жақсы таныс. Театр репертуарындағы «Жылы мұн» драмасына негіз болған «Менің мұным» пьесасы 2026 жылы Еуропалық театр аудармасы желісі Eurogram іріктеуінің қорытындысы бойынша үздік шығармалардың қатарына енді. Сонымен қатар Нұржігіт Мүсілімнің жетекшілігімен «Әштен», «Кішкентай ханзада», «Асан мен Үсен», «Армандар орындалады» спектакльдері, сондай-ақ Ozeeris еркін шығармашылық алаңында «Есте сақта» қойылымы сахналанды. Ал жаңа «Тәуелді» пьесасы заманауи драматургияға арналған жыл сайынғы Drama.KZ 2026 фестивалінің шорт-парағына еніп, үздік 12 шығарманың қатарынан көрінді. Режиссердің айтуынша, кейінгі жылдары тәуелділік тақырыбы қоғам үшін айрықша өзекті бола түсті.

— Бастапқыда спектакльге тәуелділіктің алты түрін енгізуді жоспарлаған едік. Бірақ жұмыс барысында олардың барлығын бір қойылым аясында толық ашу мүмкін емес екенін түсіндік. Сондықтан лудомания, ойынға тәуелділік және есірткіге тәуелділік тақырыптарына тоқталдық. Дайындық кезінде психологтармен кездесіп, олардың кәсіби тәжірибесін зерттедік. Біз үшін тәуелділікті сырттай көрсету ғана емес, оның адамның ішкі әлеміне қалай әсер ететінін түсіну маңызды болды. Көп жағдайда оның түп-тамыры шешілмеген өмірлік мәселелермен, балалық шақтағы психологиялық жарақаттармен, адамның ұзақ уақыт бойы ішінде сақтап келген жан жарасымен байланысты. Сондықтан қойылым драматерапия деп аталады. Біз көрерменге дайын жауап ұсынбаймыз, керісінше, кейіпкерлермен бірге ойлануға, олардың ішкі арпалысын сезінуге шақырамыз. Спектакльдің камералық форматта



қойылуы да кездейсоқ емес. Ол актер мен көрермен арасындағы қашықтықты қысқартып, ортақ терапиялық кеңістік әсерін тудырады. Шетелдік жетірібеде драматерапия бүгінде тәуелділікке тап болған адамдармен жұмыс істеудің тиімді әдістерінің бірі ретінде қолданылады. Осы спектакль арқылы біз қоғам назарын бұл мәселенің алдын алуға аударып, көрерменнің осындай жағдайға түскен адамдарды тереңірек түсінуіне ықпал еткіміз келеді, — дейді Нұржігіт Мүсілім.

Қазіргі театр өнері классикалық қалыптан шығып, көрерменмен ашық әрі тікелей байланыс орнатуға бет бұрды. Бұрын сахна сыртынан бақылаушы болып келген көрермен бүгінде кей қойылымдардың белсенді қатысушысына айналып келеді. Драматерапия — әлемдік тәжірибеде тәуелділікке ұшыраған адамдармен жұмыс істеуде тиімді әлеуметтік-психологиялық әдіс ретінде кенінен қолданылатын бағыт. Осы тәсілді қазақ сахнасына бейімдеген жаңа қойылым көрерменге өзгеше формат ұсынады. Ауыр өмірлік жағдайға тап болған үш басты кейіпкердің оқиғалары мен олардың кәсіби психологпен сахнадағы диалогтары арқылы терапия форматындағы тәрбиелік әрі жанашыл жобаны ұсыну арқылы Мәмбетов театры жаңа қырынан танылды. «Тәуелді» — бүгінгі қоғамға қойылған сұрақ. Біз тәуелділікке ұшыраған адамды кінәлауға бейімбіз. Ал спектакль көрерменді басқа қырынан ойлануға шақырады: оның сол күйге түсуіне не себеп болды, ол қай жерде қолдаусыз қалды, жан жарасын кімге айта алмады? Осы сауалдар қойылымның салмағын арттырып, оны жай спектакль емес, көрерменмен ашық диалогқа құрылған әлеуметтік туындыға айналдырады.

«ОПЕРАЛИЯ» МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

«Опералия» халықаралық музыкалық фестивалі Джузеппе Вердидің ең ауқымды операларының бірі — «Дон Карлос» қойылымымен аяқталмақ. Дирижерлік тұғырда — театрдың бас дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, осы спектакльдің қоюшы дирижері — маэстро Алан Бөрібаев.



21 мамырда басталған және алғаш рет «Астана Опера» аумағынан тыс шыққан «Опералия-2026» халықаралық музыкалық фестивалі аяқталуға жақын. Әлемнің 16 елінің әртісін жинаған екі айлық марафонның соңғы аккорды Джузеппе Вердидің «Дон Карлос» операсы болмақ. 11 және 12 шілде «Астана Опера» XIII театр маусымының салтанатты жабылуын айғақтайтын осы монументалды туындының көрсетілімі өтеді. Негізгі партияларды әр күндері танымал шеберлер орындайды. Король Филипп II рөлінде 11 шілдеде шақырылған солист Джакомо Престия (Италия) — миландық Ла Скала, Вена мемлекеттік операсы, Париж ұлттық операсы, Неапольдегі Сан-Карло және басқа да көптеген театрда дауысы естілген вердидің репертуардың жетекші орындаушыларының бірі. Бір күннен кейін бұл бейнені Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Евгений Чайников сомдайды.

— Филипп II рөлі менің сүйікті рөлім, мен оны бүкіл әлемде ондаған рет орындадым. Бұл бас үшін ең мықты партия, себебі ол вокалды да, актерлік те сан түрлі интерпретацияға мүмкіндік береді. Филипп тарихи тұлға болғандықтан, оны терең зерттедім: әртүрлі өмірбаяндық материалдар мен тарихи мәліметтерге жүгіндім, бұл мені XVI ғасырдағы Испания тарихымен танысуыма жол ашты. Астана жұртшылығына өзімді көрсетіп, сахнаны қазақ әншілерімен бөлісуді асыға күтіп жүрмін, — деп атап өтті әнші.

Ұлы инквизитор партиясында 11 және 12 шілдеде Михаил Гужов сахнаға шығады. Ол — Ресейдің еңбек сіңірген әртісі, Мәскеудің «Геликон-опера» музыкалық театрының солисі. Ал басты кейіпкер Дон Карлостың ең күрделі партиясын «Астана Операның» жетекші солистері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Чотабаев пен Саян Исин орындайды. Елизавета Валуаны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Бибігүл Жанұзақ пен Жұпар Ғабдуллина, Родригоны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Талғат Мұсабаев пен Расул Жармағамбетов, Эболи ханшайымын Салтанат Мұратбекова және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Татьяна Вицинская сомдайды.

ОҚУШЫЛАР ЕУРОПАДА ТОП ЖАРДЫ

Болгарияның Варна қаласында өткен бір аптаға созылған Еуропалық география олимпиадасына (European Geography Olympiad, EGeo) 13 мемлекеттен 100 оқушы қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстанның 9 оқушыдан құралған ұлттық құрамасы 2 алтын, 5 күміс және 2 қола медаль жеңіп алып, команданың барлық мүшесі жүлдегер атанды. Бұл — Қазақстанның Еуропалық география олимпиадасына қатысу тарихындағы ең үздік нәтиже. Олимпиада барысында қатысушылар физикалық, әлеуметтік-экономикалық және аймақтық география бойынша теориялық және практикалық тапсырмаларды орындап, картографиялық материалдар мен географиялық деректерді талдау дағдыларын көрсетті

Ұлттық құрамымен жарысқа география пәнінің мұғалімі Нұрмағамбет Данат Мұратұлы (IQanat High School of Burabay) мен «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскері Шайхина Орал Бекболатқызы дайындап, жетекшілік етті. Еске салайық, 2025 жылы Қазақстан құрамасы аталған олимпиадада 1 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль жеңіп алған еді.



Бетті дайындаған Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4760
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,